

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР
ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**«Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру
ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін
ұйымдастыру»**

Әдістемелік нұсқаулар

**«Организация деятельности военно-патриотических
клубов в общеобразовательных школах и организациях
дополнительного образования»**

Методические рекомендации

Астана 2014 жыл

«Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру» – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚМ – Астана, 2014, - 132 бет.

«Организация деятельности военно-патриотических клубов в общеобразовательных школах и организациях дополнительного образования» – РГКП «Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования» Министерства образования и науки Республики Казахстан – Астана, 2014, - 132 стр.

«Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру» әдістемелік нұсқаулары тұлғаны патриоттық және азаматтық тәрбиелеу мақсатымен клубтар қызметін ұйымдастырудың инновациялық әдістерін ашады.

Әдістемелік нұсқаулар әскери-патриоттық клубтардың жетекшілеріне, жалпы орта мектеп және мектептен тыс ұйымдарда балаларға қосымша білім беру жүйесінің педагогтарына арналған.

Методические рекомендации «Организация деятельности военно-патриотических клубов в общеобразовательных школах и организациях дополнительного образования» раскрывают инновационные подходы в организации деятельности клубов в целях патриотического и гражданского воспитания личности.

Методические рекомендации предназначены руководителям военно-патриотических клубов, педагогам системы дополнительного образования детей в общеобразовательных школах и внешкольных организациях.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы
Әдістемелік кеңесімен басылымға ұсынылған
(2014 жылғы 5 наурыздың № 2 хаттамасы)*

*Рекомендовано к печати Методическим советом
Республиканского учебно-методического центра дополнительного
образования (протокол от 5 марта 2014 года №2)*

© Республикалық қосымша білім беру
оқу-әдістемелік орталығы, 2014

Мазмұны/Содержание

Кіріспе	4
Балалар мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру – мемлекетіміздің басымды міндеттерінің бірі	6
Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, нысандары және қағидаттары	11
Қазақстан Республикасында балаларға патриоттық тәрбие беру	14
Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру	18
Білім беру ұйымдарында әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру (заңды тұлға емес)	30
Әскери-патриоттық клубтың қызметін ұйымдастыру тәртібі	23
Әскери-патриоттық клубтың жарғысы	33
Қорытынды	40
Әдебиеттер тізімі	41
Қосымшалар	42

Введение	67
Военно-патриотическое воспитание детей и молодёжи - одно из приоритетных задач государства	69
Цель, задачи, формы и принципы военно-патриотического воспитания молодежи	74
Патриотическое воспитание в Республике Казахстан	77
Организация патриотического воспитания в системе дополнительного образования детей	81
Организация деятельности военно-патриотических клубов при организациях образования (не юридическое лицо)	94
Порядок организации деятельности военно-патриотических клубов	87
Устав военно-патриотического клуба	97
Заключение	104
Список литературы	105
Приложения	106

Кіріспе

Өз Отанының патриотын тәрбиелеу әрқашан да мемлекеттің басым міндеті, ал қазіргі уақытта жалпы орта мектептерде және қосымша білім беру ұйымдарында балаларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми тұрғыда мәнін түйсінуді және оның үйлесімдік жүйесін құру бойынша нақты бағдарламасының әзірлеуді талап етеді.

Осы әдістемелік нұсқауда тұлғаны патриоттық және азаматтық тәрбиелеу мақсатында клубтар қызметін ұйымдастырудың инновациялық әдістері көрсетілген.

Өскелең ұрпақпен әскери-патриоттық тәрбие жұмысын жүргізудің маңыздылығы мен қажеттілігін сезіну арқылы келесі **негізгі міндеттерді** анықтау қажет:

балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру, жас ұрпаққа спорттық және дене шынығуының дайындығына жағдай жасау;

бұқаралық спортты, оның ішінде әскери-қолданбалы түрлерін дамыту;

Отан мүддесін қорғауда конституциялық және әскери борышына адал болу;

белсенді азаматтық тұрғыны қалыптастыру;

спорттық резервті балалар-жасөспірімдер спортын дамыту арқылы дайындау;

жас ұрпақты спортпен шұғылдануға тарту және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы балалар қылмысы, нашақорлығы, маскүнемдігі, панасыздығымен күресу;

жас ұрпақтың спортпен белсенді шұғылдануына және салауатты өмір салтына ұмтылуына ықпал ететін ақпараттық-насихаттау және ағартушылық білім жүйен қалыптастыру;

оқушылардың кәсіби бағдарын анықтауға көмектесу;

әскери-спорттық клубтарды құру, ұйымдастыру және нығайтуға көмек көрсету, тәжірибелік қызметте қолдау көрсету;

әскери-патриоттық клубтардың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру және нығайту;

дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін инфрақұрылымды (спорттық құралдар, дайындық орталықтары мен спорт базалары) дамыту;

жаппай дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және әскери-спорттық жарыстар өткізу;

әскери-патриоттық радио және телехабар бағдарламасын дайындау;

арнайы әскери бөлімшелердің, құқық қорғау органдарының және арнайы қызметтің, кәсіби-әскери және әскери-спорттық қызметтерге кәсіби бағдар беру, спортты жаппай дамыту мәселелері бойынша

мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдармен әрекеттесу және ынтымақтасу;

кәсіби-әскери және әскери-спорттық дайындау, жоғары жетістіктер спорты, жаппай спорт саласындағы жаттықтырушылар мен нұсқаушыларды оқыту және біліктілігін арттыруға көмек көрсету;

спорттың материалдық-техникалық базасын қалыптастыру және дамытуда қоғам мен мемлекеттік билік органдарының өзара әрекеттесу әдістерін енгізу және жетілдіру;

арнайы әскери бөлімшелердің, құқық қорғау органдарының және арнайы қызмет қызметкерлерінің материалдық-техникалық базасын нығайту және спортты дамыту үшін бюджеттен тыс қаражат көздерін қолдану, нормативтік-құқықтық және ұйымдастырушылық-экономикалық механизмдерін қалыптастыру;

ұйымдардың қойылған мақсатына жетуге бағытталған болашақтан үміті зор жобаларды жүзеге асыру және қолдау.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім беру, дене шынықтыру және спорт, әскери басқарма органдарымен өзара әрекеттесудің жаңа деңгейін бекіту қажет. Бұл патриоттық қозғалыстың, салауатты өмір салтын белсенді насихаттауға, қоғамға қарсы көріністермен күресудің тиімділігіне және жастарға тәрбие берудің жаңа қалыптасқан түрлері мен әдістерінің бұдан әрі дамуына ықпал етеді.

Осы әдістемелік нұсқаулар Әскери-патриоттық клубтарды құру және ұйымдастыру тәртібі, Әскери-патриоттық клубтың (ӘПК) типтік жарғысы туралы ақпаратты қамтиды.

Жалпы білім беру мектептері мен қосымша білім беру ұйымдарындағы Әскери-патриоттық клубтар жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы мемлекеттің жастарға адамгершілік, азаматтық және дене шынықтыру-сауықтыру, әскери-патриоттық тәрбие беру саласындағы саясатын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Балалар мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру – мемлекеттің басым міндеттерінің бірі

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында Жаңа қазақстандық патриоттықтың идеялық негізі түйінделген мемлекетқұрушы, жалпыұлттық құндылықтар бекітілген.

«Мәңгілік Ел» – бұл қазақ халқының ұлттық идеясы. Бұл Қазақстанның тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі, халық бейбітшілігі мен ынтымақтастығы, зиялы қауымы, жоғары руханияттығы, индустрияландыру және инновация негізінде нарықтық өсуі, Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы, тарихтың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы, ұлттық қауіпсіздігі, жалпыәлемдік және аумақтық мәселелерді шешуде еліміздің жаһандануға қатысуы. Бұл құндылықтар қазақстандық қоғамға әрдайым жеңуге, мемлекетті нығайтуға, жетістіктерді арттыруға көмектеседі.

Білім беру жүйесі патриоттық сезімге, ел, қоғам алдындағы азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеуге бағытталған. Қазақстанның барлық азаматтары патриоттық және қазақстандық азаматтық идеясын тұратын жері мен жұмыс орнында дамытуы тиіс.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың керемет сөздері бар: "Біз өзіміз, біздің ой-санамыз, дүниетанымымыз өзгерді. Ойымызға салдырмай-ақ, өз еңбегіміз – ауқаттылықтың көзі екенін, ал мемлекетіміз сол үшін тиісті жағдай жасау қажет екендігін түсіндік".

Әр адам еңбегімен өзіне өзі қызмет етеді, бірақ бұл әрекетімен отанына, туған халқына, әлемдік цивилизацияға пайдасын тигізеді. Яғни, адам өз қызығушылығы және ауқаттығы арқылы өз Отанына, жоғары идеалға және азаматтық борышқа пайдасын тигізеді.

Патриоттық өз Отанының жетістіктері мен мәдениетін мақтан тұтуды, оның сипатын және мәдени ерекшеліктерін сақтауды, өзін халықтың басқа мүшелеріне сәйкестендіруді, Отан мүддесін қорғауға ұмтылуды болжайды.

Қазақстандық патриоттық – бұл мемлекетті басқаруға, жалпыұлттық мәселелерді шешуге сындарлы қатысу және сүю қабілеті. Патриоттық өскелең ұрпаққа азаматтық тәрбие беру мәселелеріне, жаңа азаматтық сана-сезімді қалыптастыруға байланысты.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты педагогикалық идеясы – әр баланың азаматтылығын қалыптастыру. Азаматтылық – азаматтық ұжымның, яғни мемлекет, отбасы, кәсіби немесе басқа орта алдында

адамның жауапкершілік және борыш сезімдерінде көрінетін адамгершілік позициясы (философиялық сөздік).

Азаматтылық – мемлекет пен қоғамның түрлі даму сатысында саяси құқықтық белсенділігінің субъекті мен объекті бола алатын әлеуметтендірілген тұлғаның ықпалдасқан сипаты.

Азаматтық-патриоттық тәрбие беру қазақстандық сана сезім және мәдениеттік сәйкестікті қалыптастыруға, толеранттылық және патриоттық, азаматтық борышты өтеуге, отанға қызмет ету құндылығы, өз халқын, мемлекеттік рәміздерді, туған жері мен мемлекеттің идеологиялық негіздерін білгенін мақтан тұтуына ықпал етеді.

***Заманауи патриотизм** – күрделі, әрі көпқырлы құбылыс. Патриоттық сезім отбасында адамның санасында отанның бейнесі және оған деген сезімі арқылы қалыптаса бастайды, өз еліне, мекендейтін адамдарға, олардың мүдделеріне деген жауапкершілік сезімі тәрбиеленеді. Патриоттық сана сезім қоғамдық өмірде нығаяды, мемлекетпен қолданады және бағытталды. Патриоттық тәрбие берудің барлық үш компоненті де (отбасы, қоғам және мемлекет) сөзсіз маңызды.*

«Қазақстандық қоғамдағы патриотизм Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік, азаматтылық және қоғамның игілігіне қызмет ету деп түсіндіріледі. Патриотизм азаматтардың ұлттық санасының жалпы және ажырамас бөлігі ретінде қоғамның рухани адамгершілік қағидаларының қайта қалыптасуына қызмет етуге міндетті. Бұл мәселенің шешімі тұлғаның патриоттық қасиетін қалыптастыру үшін жағдай туғызады. Олардың критерийлері мыналар:

Отан, оның тарихы, мәдениеті, Қазақстан жерінде тұратын халықтар мәдениеті туралы жүйелі білімнің қалыптасуы;

шағын отаны: ауыл, қала, облыстың дамуына өз үлесін қосу;

қоғамымыздың мүшесі, азаматтың міндеттерін орындауда жауапкершілік таныту»¹.

«Мемлекеттік патриотизм ең алдымен, ортақ және жоғары мақсат – мемлекеттің мүддесі мен ұлттық қауіпсіздікті білдіреді. Оның негізінде «тұлға - мемлекет» ұғымы жатыр. Мемлекеттік патриоттықтың саяси негізі «Отан» болып табылады. Мемлекеттің тіршілігі, соғыс кезінде Отанды қорғамаса, ұлттық тәуелсіздікті және мемлекеттік жердің тұтастығын қорғамаса, ақыл-ой, адамгершілік және саяси мәдениетті қолдауға қауқары жетпесе, жүзеге аса алмайды».

«Мемлекеттік патриотизм азаматтардың мемлекетке деген ортақ мүддесі, ортақ мақсатын болжайды. Бұл патриоттықты дамыту үшін Отан тарихын білу, халықтың құқықтық санасында

¹ Абдрашитога Т. А., Оспанова Я. Н. – Азаматтарға патриоттық тәрбие берудің озық тәжірибесі. – Әдістемелік құрал - Астана: ЖШС «Агроиздат» Баспасы, 2009. - 236-бет.

*мемлекеттің, өз мемлекеттік ресімделген Отанының идеясын бекіту; ортақ мүдде және осы мүдделерді кеңейтуде жалпы батылдығы; азаматтар құқығының сақталуын бақылаудың орныққан жүйесі болуы және азаматтардың қоғам алдындағы міндеттерінің орындалуы қадағалануы тиіс. Осыған байланысты қоғамның билікке деген сенім деңгейі артады».*²

*«Азаматтық патриотизм – бұл мемлекеттің, қоғамның, адамның өзара әрекеттесу механизмі, ол басқа да патриотизм түрлерін синтездейді және халықаралық үдерістер, мемлекетаралық байланыс кеңістігінде өз ұлттық-мәдени сәйкестігін қорғауына байланысты».*³

«Патриоттық» ұғымын назарға ала отыра, патриоттық тәрбие беруді балалар мен жастардың жоғары патриоттық борышының, сана-сезімінің, Отанның және оның ұлттық мүдделерінің қорғалуын қамсыздандыратын мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар қызметінің басқарылатын, үйлестірілген, біріктірілген үдерісі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмнің тәрбиеленуіне және азаматтықтың қалыптасуына ерекше мән береді.

Қазақстандық патриотизмнің қалыптасу критерийлері:

отанға деген сүйіспеншілік;
мемлекеттік тілді білу;
Отанның тағдырына жауапкершілікпен қарау;
Отан мүдделеріне қызмет ету қабілеті мен дайындығы;
еліміздің жетістіктерін ішкі тіршілікте және халықаралық аренада арттыру.

Азаматтылық критерийлері:

жеке адамгершілігімен қалыптасқан сезім;
құқықтың нағыз субъекті бола білу қабілеті;
жеке тәртіпке айналған ішкі еркіндік;
өз еркіндігін адалдыққа айналдыру, өз құқығын өз міндеттері және өз міндеттерін өз құқықтары тәрізді қабылдай білу қабілеті;
басқа азаматтарға және өкіметке құрметпен қарау.

Балалар әлеуметтік жобаларын дамытуда түрлі ұйымдардың, бірлестіктердің және қозғалыстардың құрылуының тәрбиелік мәні зор. Балалар қоғамдық бірлестіктері және ұйымдары қызметі жастардың тұлғасын әлеуметтендіру, өз-өзін қалыптастыру және анықтау институттарының ең маңыздысы болып табылады. Ол өскелең ұрпақтың қоғамдық өмірдегі демократиялық өзгерістерінің өсуіне ықпал етеді.

«Азаматтарға патриоттық тәрбие берудің озық тәжірибесі. – Әдістемелік құрал». ҚР БҒМ Тәрбиелік жұмыс және жастар саясаты Департаменті, Астана, 2009.

«Азаматтарға патриоттық тәрбие берудің озық тәжірибесі. – Әдістемелік құрал». ҚР БҒМ Тәрбиелік жұмыс және жастар саясаты Департаменті, Астана, 2009.

Қазіргі таңда жаңа балалар және жастар қоғамдық бірлестіктері негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Біздің қоғамымызға және мемлекетімізге балалар қозғалысы қажет. Онда жасөспірім өз-өзін еліміздің азаматы ретінде сезінуі қажет.

Балалар мен жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру – мемлекетіміздің басым міндеттерінің бірі. Қазақстан Республикасының Президенті, ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев атап өткендей, «Қазіргі таңда мемлекет, ең алдымен, күрделі мәселеге – жастармен жұмыс жасауға мән береді. Жаңа ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру өте маңызды».

Қазіргі уақытта патриоттық тәрбие беру қосымша білім беру ұйымдарының жұмысында жетекші орынды алады. Жылдан-жылға әскери-патриоттық орталықтардың, клубтардың, бірлестіктердің әлеуметтік-педагогикалық рөлі артуда. Мұнда жасөспірімдердің әскери өнерге, әскери карьераға, әскер тарихына деген қызығушылығы сезіледі. Мұндай балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қажеттілігі әсіресе ер балалар арасында үнемі артуда.

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында өзімізді және өз балаларымызды жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуіміз қажет деп айтылған. Қазіргі таңда әскери-патриоттық клубтардың дамуына қолдау көрсетіп, осы мәселенің жүзеге асырылуы үшін белсенді жұмыс жүргізу қажет.

Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатын қолдай отырып, әскери-спорттық және патриоттық клубтар мемлекеттік биліктің беделін арттырып, жастардың рухани-адамгершілік және әлеуметтік маңызы бар азаматтық және патриоттық құндылықтарының дамуын қамсыздандырып, кәсіби маңызды қасиеттерін, біліктілігін және өмірдің түрлі салаларында белсенді көріне білуге дайындығын, конституциялық және әскери борышына берілгендігін, жоғары жауапкершілігін және реттілігін қалыптастырады.

Әскери, дене шынықтыру және спорт басқармаларының органдарымен бірге жұмыс жасай отырып, қосымша және жалпы орта білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтардың қызметін дұрыс ұйымдастыру салауатты өмір салтын белсенді насихаттауға, жастарға тәрбие берудің қалыптасқан және жаңа әдістері мен формаларын жетілдіруге, қоғамдағы қоғамға қарсы түрлі көріністермен күрестің тиімді болуына, патриоттық қозғалыстың бұдан әрі дамуына ықпалын тигізеді.

Әскери-спорттық және патриоттық клубтардың оқу сабақтары үдерісінде үйренушілер жалпы әскери және әскери-техникалық дайындық пәндері бойынша білім алады және тәжірибелік дағдыларды меңгереді, адамгершілік-психологиялық қасиеттерін, тәртіптілігін

тәрбиелейді, өз-өзін шыңдап, әскери және техникалық білімі мен дағдыларын тереңдетеді.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу рухани-адамгершілік, мәдени, патриоттық және озық идеялар арқылы қалыптасқан мектептің білім беру жүйесінде міндетті түрде балалардың жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерін, қазақстандық оқушылардың тәрбиелену бағдарламаларының отбасындағы тәрбие беру мен мектеп оқушыларына қосымша білім беру жүйесінің қалыптасқан мүмкіншіліктерінің бір-бірімен тығыз байланысуын ескере отырып жүргізу қажет.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие берудің мақсаты, міндеттері, нысандары және қағидаттары

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру азаматтарға патриоттық тәрбие берудің ажырамас бөлігі болып табылып, жастардың жоғары патриоттық сана-сезімін, Отанға деген адалдығын және оны қорғауға дайындығын қалыптастыру бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың үйлестірілген, мақсатты, жүйелік және көпжоспарлы қызметін көрсетеді.

Әскери-патриоттық тәрбие беру азаматтардың, әсіресе, жоғары сынып оқушыларының, студенттердің, әскерге дейінгі және әскери жастардың жоғары патриоттық сезімдерін, Отанға деген адалдығын қалыптастыру бойынша маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Оның нәтижелері тек әскерде ғана емес, сонымен қатар өмір бойы байқалады.

Жастардың таусылмайтын қуаты мен шамшыл ұмтылыстарын жетілдіруде басты мақсат – тәуелсіз Қазақстанның игілігіне бағытталуы тиіс.

Патриоттық тәрбие берудің мақсаты – қазақстандық қоғамда жоғары әлеуметтік белсенділікті, азаматтық жауапкершілікті, руханияттық, Отан мүддесін қорғау, мемлекетті нығайту, оны өмірлік маңызды мүдделерімен қамсыздандыру және тұрақты дамыту үдерісінде қолданатын позитивті құндылықтар мен қасиеттері бар азаматтардың қалыптасуын дамыту.

Қазақстан Республикасының жас азаматтарына азаматтық-патриоттық тәрбие беру – мектептегі тәрбие жұмысының негізгі құрылымы болып табылады. Бұл бағыттың мақсаты білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, саяси сана-сезімін, ынтымақшылдығын, барлық ұлттың, әр халықтың мәдениетін қабылдай білу шартында ұлттық келісімдігін қалыптастыру болып табылады.

Азаматтық-патриоттық тәрбие беру - өзегі сыныптан тыс жұмыс, оқу курстары арқылы жүзеге асырылатын саяси, патриоттық, құқықтық және адамгершілік білім берудің бірыңғай кешені болып табылады. Мұндай тәрбие білім алушылардың жоғары патриоттық сезімін, Отан мүддесін қорғауда конституциялық міндеттерін және азаматтық борышын орындауға дайындығын, Отанға деген адалдығын қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Әскери-патриоттық клубты құрудың негізгі мақсаты – мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу, балалар мен жастарға әскери-патриоттық және азаматтық тәрбие беру.

Бұл келесі міндеттерді шешу жолдары арқылы жүзеге асырылады:

туған өлкенің және Отанның тарихы мен мәдениетін оқып білу;

патриоттық сезімін тәрбиелеу, өскелең ұрпақты Отанға қызмет етуге және оның қарумен қорғауға дайындығын, Отанға деген адалдық сезімін қалыптастыру;

ҚР Қарулы Күштерінің ең үздік дәстүрін табыстау және дамыту;
жастар арасындағы саяси және діни экстремизмнің көріністеріне қарсы әрекет;

балалар мен жастардың дендік шындалуын, салауатты өмір салтына қызығушылығын арттыру;

азаматтардың әскери қызметке дайындалуына, офицер мамандығын жариялауға қатысу;

құқықтық білім негіздері

Спорттың әскери-қолданбалы және әскери-спорттық түрлерін дамыту.

Патриоттық сезімге – Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу – қоғамымыздың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Отанын сүйетін адам, оны дерексіз ғана емес, ал оның игілігіне бар күшін салу арқылы сүюі тиіс. Отанын сүйетін адам өз ата-бабасының жерін қорғауға дайын болуы, әрі қорғай білуі тиіс.

Үйренушілерге әскери-патриоттық тәрбие беру түрлері:

1) теориялық конференция, дәрістер, баяндамалар, сұхбаттар жүргізу;

2) ізденіс, зерттеу жұмыстарына қатысу;

3) әскери Даңқ тарихының мұражайларын (бөлмелерін), көрмелерін жасау;

4) білім алушыларды еңбек және соғыс ардагерлерімен, әскер және флот жауынгерлерімен кездестіру;

5) қаза тапқан жауынгерлер отбасына, еңбек және соғыс ардагерлеріне, мүгедектерге үздіксіз қамқор болу;

6) білім алушылардың арасында әскери-патриоттық тақырыбы төңірегінде ең үздік шығарма, әңгіме, сурет, фотосурет байқауларын өткізу;

7) үйірмелер жұмысы;

8) журналдар, тақырыптық кештер, дене шынықтыру арқылы ерлік, батылдық сабақтарын өткізу;

9) әскери-спорттық ойындар ұйымдастыру, мектеп оқушыларын спорттың әскери-қолданбалы түрімен шұғылдандыру.

Спорттың мұндай түрлері болып: кедергілерден өту, төңіректі бағдарлай білу және т.б. табылады. Спорттың әскери-қолданбалы түрлерімен шұғылдану дене шынықтырудан Президенттік тестті тапсыруға және разряды бар спортшыларды дайындауға ықпалын тигізеді.

Қазақстан жастарының арасында әскери-патриоттық қозғалысты дамытудың басымдығы өте үлкен. Соңғы санақтың қорытындысы

бойынша жастардың саны 5,5 миллион адам – халықтың дерлік үштен бір бөлігін құрайды. Әскери-патриоттық тәрбие беруде әскери-патриоттық ұйымдарды дамыту сұрақтарымен айналысатын қоғамдық институттардың рөлі маңызды.

Патриоттық тәрбие беру, жалпы тәрбие берудің құрамдас бөлігі болғандықтан, жастардың жоғары патриоттық сана-сезімін, Отанға деген адалдығын және оны қорғауға дайындығын, Отан мүддесін қорғауда конституциялық міндеттерін және азаматтық борышын орындауға дайындығын қалыптастыру бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың үйлестірілген, мақсатты, жүйелік және көпжоспарлы қызметін көрсетеді.

Патриоттық тәрбие берудің қағидаттары:

Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие беру бойынша барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың үйлестірілген, мақсатты жұмысын болжайтын жүйелік-ұйымдастырушылық әдіс қағидаты;

әртүрлі жас ерекшелік, әлеуметтік, кәсіптік және т.б. тұрғындар тобын ескеру арқылы патриоттық жұмыстың ерекше түрлері мен әдістерінің қолданылуын болжайтын патриоттық сезімді қалыптастырудағы адрестік қағидаты. Бұл патриот-азаматты тәрбиелеуге түрлі деңгейлі - отбасы, қоршаған орта, оқу орны, этномәдени орта, өндірістік ұжым, мекендейтін өңірі, оның әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік және т.б. ерекшеліктері, жалпы қоғам факторларының ықпал ететін көрсетеді;

Қазақстанның ұлттық мүдделеріне бағытталған, азаматтардың дүниетанымы мен құндылық ұстанымдарының қисынды бастамасын және тұрақтылығын өзгертуді қарастыратын белсенділік және басымдық қағидаты;

патриоттық тәрбие берудің негізгі бағыттарының әмбебаптық қағидаты бұрыннан қалыптасқан әлеуметтік-құнды тәжірибе, ата-бабаларымызды мақтан тұту сезімін өсіру, тұрмыстағы ұлттық дәстүрлер және отбасы ішіндегі қарым-қатынас, еңбек және оқу тәсілдері, шығармашылық әдістері патриоттық сезімді қалыптастыру факторы ретінде тұтас және кешенді тәсілдерді болжайды;

патриоттық идеялар мен құндылықтарды насихаттауда өңірлік шарттарды ескеру қағидаты тек жалпықазақстандық патриоттықтың ғана емес, сонымен қатар туған жерге, қалаға, ауылға, көшеге, мекемеге, спорт командасына және т.б. деген сүйіспеншілігін, іңкәрлігін сипаттайтын жергілікті және өңірлік патриоттықтың идеялары мен құндылықтарын насихаттауды білдіреді.

Қазақстан Республикасында балаларға патриоттық тәрбие беру

Біздің республикамыз үшін жастарға патриоттық тәрбие берудің маңызы зор. Еліміздің болашағы жастар тәрбиесіне байланысты. Біздің Қазақстандық патриотизмнің өзіндік ерекшелігі бар.

Алғашқы міндеттердің қатарына патриотизмнің дұрыс бағытын қоюға болады. Яғни, Республиканың жас азаматтарының патриоттығын дамыту және патриоттықты жою арнасына емес, құру арнасына бағыттау. Біздің Президентіміз Н.Назарбаев жас ұрпаққа үлкен үмітпен қарайды. Жаңа басқару элитасы жайлы айтқанда, ол мемлекеттік құрылымға жас қуаттың қажеттігін атап өтті.

«Қандай? Тек сауатты ғана емес – ең бастысы, елді басқаруға келетін жастардың патриоттық сезімі болуы тиіс. Ұлтшыл, қауіп төндіретін патриотизм емес, демократиялық, Отанға, оның халқына деген нағыз сүйіспеншілік патриотизмі болуы тиіс. Нағыз патриотизм жоғары мәдениетке және дамыған экономикаға қол жеткізген Қазақстанды құрудағы қуатты қозғаушы күш болуы тиіс» - деген Нұрсұлтан Әбішұлы.

Біздің Қазақстандық патриотизмнің өз даралығы бар және ол АҚШ, Батыс Еуропа, Араб мемлекеттері, ТМД елдері және басқа да мемлекеттердің патриоттығынан ерекшеленеді. Біздің басты міндетіміз тәрбиеленушілерімізге, біздің әлемдік қоғамдастықтың бір бөлігі екенімізді, бірақ өз негізімізде, «патриотизм» ұғымының барлық құндылықтарын сақтай отырып, жеке даралығымыздың бар екендігін көрсету, жеткізу болып табылады. Қазақстан тарихы, оның дамуы, жағрафиялық жағдайы, ділі, көпұлттылығы, президенттің және мемлекет жүргізетін саясаты қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді.

Жастарға тән «жастық ұшқарылық» шектен тыс шығуы мүмкін, патриотизмді мойындамау және бұрмалау, көбіне дінде жиі туындайды. Мысалы, оқушының патриотизмді ұлтшылдықпен және шовинизммен салыстырып жатқанын естуге болады. Патриотизм басқа халықтарды құрметтеуге тәрбиелейді, толеранттылық, жалпы адамзат құндылықтарына қайшы болмайды, тек Отанға деген сүйіспеншілікті ұлғайтады. Бұлардың тіпті қарама-қарсы ұғымдар екенін түсіндіру - оқытушының міндеті.

Патриоттық тәрбие берудің негізгі әдістерінің бірі әскери-патриоттық, әскери-спорттық клубтарды ұйымдастыру болып табылады. Осы жастар ұйымдарының бар жұмысы өз елінің нағыз азаматын тәрбиелеуге бағытталған, әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтардың қызметін ұйымдастыру жастарға патриоттық тәрбие беруге ерекше мүмкіндік береді. Тек клубтар ғана жеке тұлғаға сан қырлы, жан-жақты және сан алуан тәсілдер табуға мүмкіншілік туғызады.

Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастырудағы әскери-патриоттық жастар ұйымы жұмысының мәні мен қорытынды нәтижесін Степногорск қаласының «Сұңқар» әскери-патриоттық клубының жұмысын негізге ала отырып көрсетуге болады. Еліміздің атынан Қырғызстандағы ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымдары елдерінің бірінші Халықаралық әскери-спорттық жастар ұйымдарының жиынына қатысқан жастар басты жүлде жүзінде «Теңдесі жоқ» деп ойылған «Қазақ алтын қылышына» ие болды, осы сәт олардың нағыз патриоттық сезімін оятты. Өйткені, олар өз елінің намысын қорғады, бұл жеңіс ауыр жұмыстың, психологиялық шиеленістің және мол жауапкершіліктің нәтижесі болды.

Бұл жағдайда клуб тәрбиеленушілерінің патриоттық сана-сезімінің нығаюына қатысу және жеңу стимулы болды. Жеңіске қол неғұрлым ауыр, әрі қиын жетсе, Отанға деген сүйіспеншілік және патриоттық сезім соғұрлым нығая түседі.

Әнұран ойнап, еліміздің байрағы көкке көтерілгенде – жарыс жеңімпаздарын, клуб тәрбиеленушілерін өз елі үшін қуаныш және мақтаныш кернеді. Балалар Армения, Ресей, Тәжікстан, Беларусь, Қырғызстан елдері командаларының алдында қазақстандық патриотизмнің дерексіз емес, ал әр қазақстандықтың терең сезімі екендігін іс жүзінде көрсете білді.

Клуб жұмысының нәтижесі бойынша халықаралық, республикалық және басқа да жарыстарға қатысқандардың көбісі (70%-ға жуық) әскери-оқу орындарына түсіп, қызмет етеді және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде шұғыл және шартты қызмет етуге ұмтылады. Яғни, мұны клуб тәрбиеленушілерінің офицер, сержант және жақсы сарбаз болуға дендік және моральдық-психологиялық дайындығы көрсетеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде Қазақстанда патриотизм өз елінің өркендеуіне, болашағына сенімсіз болуы мүмкін емес. Мұндайда елдің саяси беделіне, экономикалық өсу нәтижелеріне, оң қадамдарына мән берген жөн. Ұлтшылдық, лаңкестік және экстремизм тәрізді құбылыстардың заралығын көрсету қажет.

Атақты мемлекеттік қайраткерлерге, қазақ халқының өміріндегі маңызды күндерге, оның қарулы күштеріне арналған техникалық және қолданбалы спорт түрлері бойынша көпшілік жарыстар жастарға патриоттық тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Осындай мақсатпен жарыстар мен іс-шаралар өтетін орындар әдемі безендіріліп, патриоттық әндер мен марштардың трансляциясы жүргізіліп, жарыстың ашылу және жабылу рәсімі әзірленіп, Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне және қазақстандық батырларға сөз беріледі.

Патриоттық жұмыс жүргізуде бұқаралық ақпарат құралдар, баспасөз, жергілікті, республикалық теледидар мен радиохабар

мүмкіншіліктерін қолдану қажет. Балаларға патриотизм тақырыбындағы документалды-хроникалық, ғылыми-көпшілік, техникалық-насихаттау, оқу және көркем фильмдерді көрсету қажет.

Біздің көзқарасымыз бойынша патриоттық сезімнің рухани-адамгершілік табиғатын сезіну өте маңызды, өйткені, рухани-адамгершілік тәрбиесіз патриоттық не дымбілместікке, не ұлы ұлтшылдыққа, ұлттық паңдыққа, басқаларға деген басқыншылдыққа әкеліп соғады.

Қазіргі таңда азаматтарға патриоттық тәрбие беру жүйесінде адамгершілік, азаматшылдық қасиеттерді дамытуға, өз елінің тарихына, көпұлттық мәдениетіне және басқа да құндылықтарына құрметпен қарауға екпін қойылған, сонымен қатар қазіргі таңда азаматтарға әскери-патриоттық тәрбие беру жүйесі заман талабына толық жауап бермейді.

Қазақстанның тәуелсіз ел болып қалыптасқан кезінен бастап осы күнге дейін азаматтарға бірыңғай әскери-патриоттық тәрбие беру жүйесі жасалған жоқ.

Қазіргі таңда аумақтық деңгейде әскери-патриоттық тәрбие берумен, негізі, тек білім беру ұйымдары айналысады. Мақсатты қаржыландыру және арнайы аумақтық бағдарламалардың жоқтығы әскери-патриоттық тәрбие берудің бірыңғай жүйесін құруға ықпалын тигізбейді. Қызметтің анализі аумақтық деңгейде, басшыларға және осы салада жұмыс жасайтын мамандарға байланысты әскери-патриоттық тәрбие берудің түрлі тәсілдерінің бар екендігін көрсетті. Азаматтарға патриоттық тәрбие беру мәселесінің түрлі тәсілдері аумақтық әскери-патриоттық тәрбие беруге қатысушалар қызметінің тиімділігінің деңгейін сипаттайды.

Жеке әскери-патриоттық бірлестіктер (клубтар) сақталып қалды, жаңа нарықтық жағдайға бейімделді, бірақ бірегей үйлестірілген әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасы жоқ, бірдей таралмаған және өз қызметімен жастардың тек шамалы бөлігін қамтыған.

Әскери-патриоттық клубтардың (бірлестіктердің) қызметін оқу-материалдық және техникалық қамсыздандыру, әсіресе ауылды жерлерде қанағаттанарлықсыз болып табылады.

Сөйтіп, елімізде орнаған әскери-патриоттық тәрбие беру жүйесі жаңғыртуды талап етеді.

Анықталған мәселелерді шешу үшін келесі қадамдарды ескеру қажет:

әскери-патриоттық бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жабдықталуын жақсарту;

жыл сайынғы бес күндік жиынды, әскери-тактикалық ойындарды ұйымдастыру;

әскери-патриоттық бағытта қосымша білім беру бағдарламаларын және шараларын дайындау және жүзеге асыру;

офицер мамандығын таңдау және әскери мамандықтарды меңгеруге кәсіптік бағдар беру;

спорттың әскери-қолданбалы және техникалық түрлерін дамытуға бағытталған шараларды ұйымдастыру және өткізу, жасөспірімдер мен жастарды үйірме, секция, клуб жұмыстарына тарту;

Сөйтіп, елдің қорғанысын нығайтуға, дайындық жүйесін жетілдіруге, жасөспірімдердің әскери қызметке қажетті алғашқы білімдерін, іскерлігін және дағдыларын қалыптастыруға, патриоттық тәрбие беруге, өткен тарихқа құрметпен қарауға, жастардың Отанға деген адалдық сезімін қалыптастыруға, конституциялық міндетін орындауға дайын болуына ықпал ету.

Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру

Азаматтық-патриоттық тәрбие беру азаматтарға патриоттық тәрбие берудің негізін құрайды. Патриоттық тәрбие беру мазмұнының негізі өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыру, яғни, Отанға деген сүйіспеншілік, заңнамаға және құқықтық тәртіпке деген құрмет, Отанды қорғау міндеттері мен конституциялық борышын өтеу жауапкершілігі болып табылады.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге **азаматтық-патриоттық тәрбие беру құрылымына** кіреді:

патриот болу қажеттілігін қалыптастыруға байланысты тәрбиелік міндеттер кешені;

патриоттық дүниетаным және патриоттық сезімді қалыптастыру; әскери дәстүрлерге деген құрмет, әскери істі оқып үйренуге қызығушылық; Отанды және оның ұлттық мүдделерінің қарулы қорғанысын қамсыздандыруда қажетті моральдық-психологиялық қасиеттері; әскери істің негіздерін білу және оларды тәжірибеде қолдана білу; жасөспірімдердің қажетті дендік қасиеттері;

психологиялық-педагогикалық талаптарды ескере отырып жүзеге асырылатын тәрбие беру субъекттерінің педагогикалық қызметі және қойылған тәрбиелік мақсаттарына сәйкес үйренушілердің қалыптасуын және дамуын қамсыздандыруы;

азаматтың саналы идеалына сәйкес өз-өзін жетілдіруі арқылы жасөспірімдердің іс-әрекетін басқару, Отанды және оның ұлттық мүдделерінің қарулы қорғанысын қамсыздандыруға дайын болу.

Білім беру жүйесін дамытудың жаңа кезеңінде, қосымша білім беру ұйымдарының патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыру қызметіне айрықша мән беріледі, өйткені тек осы жерде ғана балаларға тұлғалық маңызды және әлеуметтік белсенді іс-әрекеттің белсенді қатысушысы ретінде патриоттық қасиетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Патриоттық тәрбие беру балалар мен жасөспірімдердің жоғары патриоттық сана-сезімін қалыптастырудағы мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың және білім ұйымдарының үйлестірілген, мақсатты, жүйелік және көпжоспарлы қызметі.

Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарында үйренушілердің патриоттық сезімін дамыту бойынша жұмыстың келесі бағыттарын белгілеуге болады: ерлік-тарихи, ерлік-патриоттық, спорттық-патриоттық, әскери-патриоттық, әскери-өлкетану, мәдени-тарихи, рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, әлеуметтік-патриоттық, әлеуметтік-саяси.

Азаматтық-патриоттық тәрбие беруден күтілетін нәтиже:

Балалар мен жасөспірімдердің маңызды, әлеуметтік мәнді қасиеттері қалыптасады: азаматтық кемелдік, Отанға деген сүйіспеншілік, жауапкершілік, борыштық сезім, салт-дәстүрге адалдық, тарихи және мәдени құндылықтардың сақталуына және көбейту, қиындықты жеңе білу, құрбан болу, Отанға қызмет етуге дайын болу.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге патриоттық тәрбие берудің сапасы мен нәтижесіне әсер етуші **факторлар жиынтығы:**

дара-психологиялық (патриоттық ұстанымдар, дүниетанымдық және әскери-арнайы білім алу, эмоциялық-сезімдік толғаныстар, эмоциялық-еркіндік тұрақтылық);

әлеуметтік-психологиялық (педагогикалық және жасөспірімдік ұжымдардағы моральдық-психологиялық атмосфера, олардың оқу-тәрбиелік қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталуы);

материалдық-техникалық (қажетті материалдық-тұрмыстық жағдай жасау, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік әдебиет қоры);

педагогикалық (әскери-патриоттық бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыратын қосымша білім беру педагогтарының педагогикалық мәдениетінің деңгейі).

Қосымша білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге азаматтық-патриоттық тәрбие беру мазмұнын оңтайландыру дегеніміз – оқу-тәрбиелік үдерісті құруға негізделген тәсіл. Мұнда оқыту және тәрбие берудің мақсаттары мен қағидаттары, мазмұнының ерекшеліктері, оқыту түрлері мен әдістерінің қоры, жасөспірімдердің ерекшеліктері және мүмкіншіліктері қарастырылады. Содан кейін ғана осы деректердің жүйелік анализінің негізінде ғылыми дәлелденген оқыту мен тәрбие беру үдерісі құрылымының ең үздік нұсқасы таңдалады.

Қосымша білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге азаматтық-патриоттық тәрбие беру мазмұнын оңтайландырудың маңызды талаптарына жатады:

қазіргі ғылым жетістіктері мен әлеуметтік тәжірибедегі өзгерістердің оқу-әдістемелік үдерісінің мазмұнында толық көрсету; мақсаттылық, оқу-тәрбиелік үдеріс мазмұнының қосымша білім беру ұйымдарындағы жасөспірімдерге азаматтық-патриоттық тәрбие берудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

кешенділік, оқу-тәрбиелік үдерісті жоспарлау, ұйымдастыру және іске қосуда патриоттық тәрбие берудің барлық мазмұнды компоненттерін оңтайлы үйлестіру;

оңтайлылық, қойылған мақсаттар мен міндеттерге мазмұнды компонентті оңтайлы үйлестіру жолдары және оған келетін патриоттық тәрбие берудің түрлері мен әдістері арқылы тиімді қол жеткізу;

оқыту және тәрбие берудің үздіксіз байланысы, оқу және қоғамдық маңызды қызмет үдерісінде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруді ұйымдастыру;

оқыту және тәрбие беруге арналған сараланған тәсіл, оқу-тәрбиелік үдерістің жасөспірімдік ұжымның тәрбиелік іс-әрекетінің ерекшелігін және жасөспірімдердің дара-психологиялық, жас ерекшелігін мазмұнды компонентінде тіркеу.

Патриоттық тәрбие берудің әдістері:

1) сенім-түсіндіру, әңгіме-толғаныс, өз өмірінде, не басқа біреудің өмірінде немесе тәжірибесінде болған оқиғаны мысал етіп көз жеткізу, , айтыс-тартыс, пікірсайыс, пікірталас (үйренушіні, белсенді субъектті үдерістің толық құқылы позициясына қою);

2) ниет – қуана кірісетін жұмысқа, шығармашылық ізденіске әуестену; батырлық, өзгеше, әдемі, сырлы; мадақтау, мақтау, марапаттау, талап қою және т.б. (қоғам үшін тапсырылған жұмыстың орындалуының маңыздылығын көтеру, мемлекетке, халыққа, қоғамға қатыстылық мақтанышы; талап, өкім, нұсқаудың әзірленуі тұлғаның патриоттық сезімін қалыптастыруға және дамытуға ықпалын тигізеді);

3) машықтану – шығармашылық тапсырыс, ойын, жарыс, дәстүрлер, жеке мысал (ұжымдық шығармашылық қызмет негізінде, жобалар әдісінде тұлға жан-жақты дамып, өмірге деген көзқарасы, мектеп оқушысының мінезі қалыптасып, оның қоршаған ортаны патриоттық сезіммен шолуы; ұжым арқылы тәрбие беру).

Бұл бағыттардың жүзеге асуы келесі **жұмыс түрлерінің қызметіне** байланысты:

өлкетану бойынша зерттеу жұмысын орындау;

ізденушілік жұмысын ұйымдастыру;

еркін жұмыс;

атақты адамдармен, батырлармен кездесу өткізу;

тарихи оқиғаларды, Отан тарихын, өз өлкесінің, әулетінің, отбасының тарихын оқып білу және саралау;

балалар шығармашылық байқауларын ұйымдастыру және т.б.

Қосымша білім беру жүйесінде баланы оқыту үдерісі толығымен баланың жеке даралығын ескеру арқылы тұлғалық маңызды мүдделерінен құралады. Осында ғана баланың жеке таңдау жасауды үйрену мүмкіншілігі бар, өз өзін танып білу кілтін іріктеп, рухани, адамгершілік, әлеуметтік қызмет тәжірибесін алады, өз өмірінің болашағының мақсаттарын сезінеді.

Қазіргі таңдағы әскери-патриоттық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары бағдарламасы жасөспірімдер үшін азаматтық қалыптасу мектебі болып табылса, қоғам үшін жас азаматтарға ықпал ету мүмкіншілігі мен механизмі болып табылады.

Патриоттық жұмысты ұйымдастыру және өткізу патриоттық тәрбие берудің құрамына кіреді және үш негізгі топқа бөлінетін **сәйкес түрлердің** біртұтас қолданылуын болжайды.

Бірінші топ қатарына айтарлықтай кең және жалпы патриоттық сипаттағы алуан түрлі құрылымдар кіреді. Олар ең бастысы оқу-әдістемелік ұйымдар жүйесінде жүзеге асырылатын үдерістері немесе түрлі оқу пәндері бойынша оны толықтыратын элементтері ретінде, әсіресе, гуманитарлық, мамандандырылған факультеттер, үйірмелер, курстар, секциялар және т.б.; сұхбаттар, таңертеңгіліктер, сұрақтар мен жауаптар кеші, «дөңгелек үстелдер», ардагерлермен, әскери қызметкерлермен кездесу; алғашқы әскери дайындықтың оқу-материалдық негіздерін қалыптастыру және т.б.

Екінші топ аса алуан түрлі емес және көбіне әскери және әскери-қолданбалы бағытта сипатталады. Тәжірибелік оқу сабақтары, жұмыстары, түрлі ойындар және т.с.с. түрде жүргізілетін бұл құрылымдар, көбіне, жасөспірімдер мен ер балаларды әскердің өмірі мен қызметімен, әскери қызметкерлердің қызметі мен тұрмысының ерекшеліктерімен (әскери-техникалық бірлестіктер, тактикалық ілімдер, тактикалық-саптық оқу сабақтары, әскер-спорттық ойындар, спорттың әскери-қолданбалы түрі бойынша секциялар және т.с.с.) таныстырады.

Үшінші топты әскери-патриоттық тәрбие берудің перспективалық түрлерін құрады. Оларға әскери-спорттық сауықтандыру лагері тәрізді, оқу жиындары, патриоттық клубтар және түрлі бағытты бірлестіктер жатады.

Патриоттық жұмыстың сан алуан түрлерінің ықпалдастығы айтарлықтай патриоттық тәрбие берудің теориялық және тәжірибелік-қолданбалы компоненттері, жалпы дамушы бағдары мен арнайы міндеттері аралығындағы құлдырауды жеңу болып табылады.

Патриоттық тәрбие берудің мектептен тыс қызметінің ең тиімді жолы **үйренушілердің шығармашылық бірлестіктері мен әскери-патриоттық сипаттағы клубтар** болып табылады.

Жасөспірімдерге арналған бейінді әскери-спорттық лагерлерді ұйымдастыру соңғы кезде кеңінен таралуда. Онда балалар әскер өмірімен, ҚР Қарулы Күштерінің жалпы әскери жарғыларының талаптарымен танысады, тактикалық және әскери дайындық түрлерімен айналысып, болашақ сарбазға қажет нақты білім, іскерлік және дағдылар меңгереді, және оларға әскер бейне бір белгісіз және қорқынышты нәрсе болып көрінбейді.

Үйренушілердің қызметі әскери-патриоттық бірлестіктердің оқу сабақтарында, әскери-спорттық слеттарда, саяхаттарда, туған өлке аясындағы жорықтар, қысқы және жазғы бейінді патриоттық бағыттағы лагерлер ұйымдастыру, ізденушілік экспедицияларын өткізу арқылы жүзеге асырылады.

Патриоттық сезім қанымызда жоқ, табиғи да емес, ал әлеуметтік қасиет, міне, сондықтан ол ұрпақтан ұрпаққа жұқпайды, ал қалыптасады. Сол себепті, патриоттық тәртіп дағдыларын дайындау және қалыптастыру үшін мақсатты жұмыс ұйымдастыру қажет, отан тарихының мысалдарымен үйренушілерді тарту, Кеңес өкіметі кезеңіндегі Отанға адалдықтың қандай болғанын естеріне салу қажет. Сол кезеңдегі отандастарымыздың нақты ұғымдары қайсарлық, батылдық, өжеттілік болатын. Отанды қорғау – қоғамдық пайдалы іс, сондықтан ел патриоттарын тәрбиелеуге ұмтылу қажет.

Әскери-патриоттық бағыттағы балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру ерекшеліктері үйренушілердің қызығушылығы, кәсіби-тұлғалығы және азаматтығының қалыптасуына байланысты қызметті еркін таңдай білуінде. Оның үстіне балаларға қосымша білім беру ұйымындағы оқудың ұйымдастырылуы тәжірибелік-бағытталған, қызметтік тәсілдерден ерекшеленеді.

Білім үдерісінде АКТ қолдану әскери-патриоттық бағыттағы бағдарламалардың жүзеге асуын оңтайландырады: бір жағынан, бұл педагог қызметкердің таралымды материалын жаңартуға, білімін тексеруге арналған тесттер құруына, алғашқы нұсқасын көбейту және пайдалануға көмектесе, екінші жағынан, тек дайын материалды ғана қабылдамай, ал шығармашылық ізденіп, жетіліп, дамып жатқан үйренушілерді белсенділендіруге мүмкіндік туғызады.

Әскери-патриоттық мазмұны бар балаларға арналған қосымша білім берудің оқу бағдарламалары бағыттардың кең спектрін ұсынады:

патриоттық (балалар мен жастарға ерлік-патриоттық тәрбие беру);
мұражайлы-экскурсиялық (халық мәдениетінің мұражайы, мұражайлық педагогика және адамгершілік мәселелері, әскери даңқ жерлері бойынша экскурсиялық бағдарлар, мұражай және өскелең ұрпақ),

ізденушілік (әскери археология, ұрыс жерлеріндегі ізденіс жұмысы, жас іздегіш)

әлеуметтік (балалар мен жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беру олардың әлеуметтену құралы ретінде, сақтану сабақтары);

әскери (әскери іс, әскери-десанттық дайындық, әскери/жауынгерлік қоян-қолтық айқас, атыс);

тарихи (соғыс тарихы, жағрафиялық жаңалықтардың ашылу тарихы).

Әскери-патриоттық клубтардың қызметін ұйымдастыру тәртібі

Балаларға қосымша білім беру жүйесі білім бағдарламаларын, оның ішінде әскери-патриоттық клубтар бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымы өз қызметін **Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырда № 499 қаулысымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгі ережелеріне сәйкес** жүзеге асырады. Олар меншіктік және ведомстволық түріне қарамастан қосымша білім беру ұйымдары қызметінің тәртібін анықтап, балаларға арналған қосымша білім берудің ақысыз және келісім шарт негізінде Қазақстан Республикасының азаматтар құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгі ережелері меншіктілігіне және ведомстволығына қарамастан қосымша білім беру ұйымдары *түрлері* қызметінің тәртібін анықтайды.

Осы ережелерге сәйкес **Балалар әскери-патриоттық клубы** балаларға қосымша білім беру ұйымдарының түріне жатады және заңды тұлға ретінде құрылуы мүмкін.

Балалар әскери-патриоттық клубы балаларға қосымша білім беру ұйымдарының түрі ретінде әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

Балалар әскери-патриоттық клубы (заңды тұлға) өз жарғысын меншік түріне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 919 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемені қоспағанда, мемлекеттік мекеменің үлгі жарғысына (ережесіне) және Мемлекеттік кәсіпорынның үлгі жарғысына сәйкес дайындайды.

Әскери-патриоттық клубтар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек кодексін, «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсанда бекітілген "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" № 1400 қаулысын, Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысын, осы Ережелерді, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының жарғысын, Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-

эпидемиологиялық саулығы саласындағы заңнамаларын және де басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтарда мемлекет, қоғам, тұлға қызығушылығына байланысты оқушылардың білім және мәдениеттік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында білім бағдарламалары жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтардың негізгі міндеттері:

1) ғылым және тәжірибе жетістіктері, ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде тұлғаның кәсіби қалыптасуы және дамуына бағытталған сапалы қосымша білім алуына қажетті жағдай жасау;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани, дендік мүмкіншіліктерін дамыту, олардың қабілеттерін қалыптастыру;

3) салауатты өмір салты мен адамгершіліктің мықты негіздерін қалыптастыру, индивидуалдықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ақыл-парасатты байыту;

4) азамат және патриот болуға, Отаны – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық салт-дәстүрлерін құрметтеуге, конституцияға және қоғамға қарсы кез келген құбылыстарға төзбеушілікке тәрбиелеу;

5) өз құқығы мен міндеттеріне саналы қарап, республикамыздың нарықтық және мәдениеттік, қоғамдық-саяси өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру, белсенді азаматтық позициясы бар тұлғаны тәрбиелеу;

6) қоғамдағы өмірге бейімделу;

7) бос уақытты мәнді ұйымдастыру.

Әскери-патриоттық клубтар оқу-тәрбие үдерісін, кадрларды іріктеу және белгілеу, ғылыми, қаржы-шаруашылық және басқа қызмет шегін Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасына сәйкес өзі жүзеге асырады.

Білім беру ұйымындағы әскери-патриоттық клуб жетекшісі балалардың сұранысын, отбасылардың, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (соның ішінде балалар және жасөспірімдер) қажеттіліктерін, өңірлік әлеуметтік нарықтық даму, ұлттық мәдени дәстүрлерінің ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жеке дайындайды.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда оқу-тәрбиелік үдеріс Әскери-патриоттық клуб бірлестіктерінде жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клуб балаларының қызметі бір жастағы және әртүрлі жастағы бірлестіктерде жүзеге асырылады. Қызығушылығы бойынша бірлестіктердің қалыптасуы балалардың еркін таңдауына

негізделген. Әр бала бір-екі бірлестікте шұғылдануға, оларды айырбастауға құқылы.

Әскери-патриоттық клуб қызметінің мазмұнын балаларға қосымша білім беру педагогы немесе білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарын ескеру арқылы бейіні бойынша маман анықтайды.

Әскери-патриоттық клубтың білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың негізгі түрі бір тақырыптық, кешендік немесе ықпалдасқан бағдарламалар бойынша оқу сабағы болып табылады. Әскери-патриоттық клубтың оқу білім бағдарламасының талаптарына сәйкес оқу сабақтары барлық оқу жылына немесе қысқа мерзімде ұйымдастырылады.

Әскери-патриоттық клубтар жеке немесе басқа да ұйымдармен бірге келісім бойынша балалармен кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізеді.

Әскери-патриоттық клубтардың тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылып, тәрбиеленушілердің патриоттығын, азаматтығын, толеранттылығын, жоғары ой-санасын, адамгершілігін қалыптастыруға, және де жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталады. Әскери-патриоттық клубтардың оқу-білімдік және тәрбиелік үдерісі тәрбиеленушілердің денінің саулығына байланысты жүзеге асырылады. Оларда оқушылардың, тәрбиеленушілердің аурудың алдын алу, денсаулықты нығайту, дендік қалыптасу, салауатты өмір салтына ынталандыру шаралары қамтамасыз етіледі.

Әскери-патриоттық клубтарда оқу-тәрбие үдерісінің жетілуіне, оқудың жаңа технологияларын әзірлеуге және енгізуге, педагогикалық қызметкерлердің және бейін бойынша мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады.

Оқушылардың әлеуметтік бейімдеу және білім беру үдерісін оңтайландыру мақсатында әскери-патриоттық клубтар әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық қызмет ұйымдастырады.

Осы ережелерге және өз жарғыларына сәйкес балалардың қызығушылығы бойынша әскери-патриоттық клубтарда балалар қоғамдық бірлестіктері және ұйымдары құрылады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымының әкімшілігі мұндай бірлестіктер мен ұйымдардың жұмысына қолдау көрсетеді.

Әскери-патриоттық клубтарды басқару «Білім туралы» Заңның 44-бабына, «Қазақстан Республикасының балалар құқығы туралы» заңдарына, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қолданыстағы Ережелерімен, жарғысымен, сонымен қатар басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтың ұжымдық басқару түрі педагогикалық кеңес, қорғаушы кеңес, әдістемелік кеңес және басқа да түрлері болып табылады.

Әскери-патриоттық клубты тікелей басқаруды жетекші атқарады.

Әскери-патриоттық клубтың жетекшісін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылтайшы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Әскери-патриоттық клубтардың педагогикалық қызметіне педагогикалық немесе бейінге сәйкес арнайы кәсіби білімі бар тұлғалар жіберіледі.

Әскери-патриоттық клубтарда қызмет етуге заңмен бекітілген тәртіптен шығарылмаған немесе өтелмеген соттың өкімімен немесе медициналық тұжырыммен педагогикалық қызметке тыйым салынған тұлғалар жіберілмейді.

Әскери-патриоттық клубтың жетекшісі:

1) ұйым жұмысшыларының, тәрбиеленушілердің, оқушылардың құқығы мен бостандығы бұзылса;

2) өз құзыреттілігіне жататын міндеттерін орындамаса;

3) оқу тәрбие үдерісінде ұйым жұмысшылары мен оқушыларының өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының нормалары сақталмаса;

4) қаржы-шаруашылық қызметтің жағдайы, оның ішінде қаржыны және материалды мақсаттан тыс қолданса;

5) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек келісім шартында қарастырылған талаптарды бұзған жағдайда жауапкершілікке тартылады.

Әскери-патриоттық клубтың Халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңнамалары және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері негізінде жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтар білім саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша шетелдік білім беру ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыс орнатып, халықаралық бағдарламаларға қатысады, халықаралық үкіметтік емес білім беру, мәдениет, спорт және туризм саласындағы ұйымдарға (ассоциацияларға) кіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша ынтымақтастық туралы екіжақтық және көпжақтық келісімге отырады.

Әскери-патриоттық клубтар Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдеде бекітілген «Білім туралы» Заңындағы тәртіп бойынша білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да ведомстволардың желісі бойынша халықаралық қызметке қатыса алады.

Әскери-патриоттық клубтар шетелге (тәжірибе алмасу, түрлі шараларға, конференцияларға, жарыстарға, олимпиадаларға, фестивальдерге және т.б. қатысу мақсатымен) бағыттау үшін жұмысшылар мен оқушыларды іріктеуді және дайындауды жүзеге асырады.

Әскери-патриоттық клубты қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтардың қызметі балалардың тұлғалық өз өзін анықтауына, олардың қабілеттерін жетілдіруге, қоғамдағы әлеуметтік өмірге бейімделуіне, азаматтық сана-сезімінің, ортақ мәдениеттің, бос уақытын мәнді өткізуінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына бағытталуы тиіс.

Әскери-патриоттық клубтың жұмыс тәртібі ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес бекітіледі.

Әскери-патриоттық клубтың қатысушылары балалар, педагогикалық қызметкерлер, бейін бойынша мамандар, оқушылардың ата-аналары және тағы да басқа заңды өкілдер болып табылады.

Оқушылардың, олардың ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдердің, жұмысшылардың құқығы мен міндеттері білім саласындағы заңнамалық актілермен және әскери-патриоттық клубтың Жарғысымен анықталады.

Балаларды әскери-патриоттық клубқа қабылдағанда жұмысшылар балаларды және олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерді ұйымның білім беру үдерісін регламенттейтін Жарғысымен және басқа құжаттарымен таныстырады.

Оқушыларды әскери-патриоттық клубқа қабылдағанда баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық тұжырымдама қажет.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен дара жұмыс мекен-жайы бойынша жүргізіледі.

Оқу сабақтарының кестесін әскери-патриоттық клубтың жетекшісі дайындайды және бекітеді. Онда "Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысында бекітілген Санитарлық ережелерге сәйкес оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ыңғайлы тәртіп, ата-аналарының тілектері ескеріледі.

Топты қалыптастыру балалардың еркін таңдауына негізделген.

Әскери-патриоттық клубтар оқушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен құрылады.

Оқу сабақтары топ, жеке немесе бірлестік құрамы бойынша әскери-патриоттық клубтың білім беру бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Әр топта балалардың саны бірінші оқу жылында – 10-15

адам, екінші және келесі оқу жылдарында – 8-12 адам, ал эксперименттік және зерттеушілік топтарда – 6-8 адам болуы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда топты 3-6 адам құрайды. Әскери-патриоттық клубтар күнтізбе бойынша бір жыл бойы оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізеді, сонымен қатар инклюзивті білім алуына жағдай жасайды.

Қыркүйектің 1-14 аралығында бірлестіктерге балаларды жинақтау жүргізіледі, ал қыркүйектің 15-інен бастап сабақтары басталады.

Жазғы кезеңде әскери-патриоттық клубтар оқушыларының тұрақты немесе ауыспалы құрамына байланысты арнайы кесте бойынша жұмыс жасайды.

Демалыс кезеңінде әскери-патриоттық клубтар өз базасында немесе лагерлерде (қала сыртындағы немесе күндізгі), сонымен қатар балалардың мекен-жайы бойынша балалардың тұрақты немесе ауыспалы құрамын қамтитын бейінді лагерь ашады. Бірлестіктердің жұмысы жарыстар, жорықтар, саяхаттар, экспедициялар және басқа да түрлері бойынша жүргізіледі.

Бірінші жылы оқытылатын топтардың сабақтарына аптасына 4 академиялық сағат, екінші және келесі жылдары – 6 академиялық сағат, сынақ және зерттеу оқу топтарына – 8 академиялық сағат қарастырылады.

Тәжірибелік сабақтар (жорықтар, экспедициялар, экскурсиялар, жарыстар) өткізу үшін сағаттар көлемі тәулігіне 8 сағат есебінен белгіленеді.

Ұйым басшысының келісім болған жағдайда әскери-патриоттық клубтар жұмысына балаларымен бірге олардың ата-аналары немесе басқа да заң өкілдері де негізгі құрамнан тыс қатыса алады.

Әскери-патриоттық клубтар басқа ұйымдарда және балалардың тұратын жері бойынша балалар бірлестіктерін құра алады. Олардың қатынастары шарт арқылы реттеледі.

Әскери-патриоттық клубтар балаларды кәсіби бағдарлау мақсатында ғылыми зерттеу ұйымдарымен бірге жұмыс жасап, өздерінің және олардың базасында заңнамаға сәйкес ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстар жүргізу үшін оқушылардың ғылыми бірлестіктерін құрады.

Оқушыларды әлеуметтік бейімдеу және білім беру үдерісін жандандыру мақсатында әскери-патриоттық клубтар әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық қызметтер құрылады.

Әскери-патриоттық клубтар жеке дара немесе басқа да ұйымдармен бірлесіп, шарт бойынша балалармен кәсіптік бағдарлау жұмыстарын жүргізеді.

Материалдық-техникалық базасы және кадрлық әлеуеті бар әскери-патриоттық клубтар білім беру ұйымдарының барлық түрлерінің оқушылары үшін өндірістік тәжірибе ұйымдастырады.

Әскери-патриоттық клубтарда оқу-тәрбиелік үдерістің жетілуіне, оқудың жаңа технологияларын әзірлеуге және енгізуге, педагогикалық қызметкерлердің және бейін бойынша мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтар әдістемелік кеңес, әдістемелік шығармашылық бірлестіктер құрады. Олардың қызметі Жарғыда белгіленген тәртіп бойынша жүсеге асырылады.

Әскери-патриоттық клубтар балалардың, ата-аналардың немесе басқа да заң өкілдерімен бірлесіп еңбек етуіне және демалуына қажет жағдай жасап, бұқаралық шараларды ұйымдастырады және өткізеді.

Әскери-патриоттық клубтарда діни ұйымдар (бірлестіктер) мен саяси партиялардың ұйымдық құрылымдарын құруға және қызметіне жол берілмейді.

Әскери-патриоттық клубтың әкімшілігі мен жұмыскердің қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

Білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық клубтың қызметін ұйымдастыру (заңды тұлға емес)

Әскери-патриоттық клуб (заңды тұлға емес) білім беру ұйымдарында да құрылады. Білім беру ұйымдарындағы әскери-патриоттық клубтар еркін қалыптасқан балалар ұйымы болып табылады, оның қызметі мектептің және Білім басқармасының әкімшілігімен қадағаланады. Мектеп жанындағы Әскери-спорттық клубты Әділет және салық органдарында *тіркеудің қажеті жоқ*.

Білім беру ұйымындағы әскери-патриоттық клуб жетекшісі де балалардың сұранысын, отбасылардың, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың (соның ішінде балалар және жасөспірімдер) қажеттілігін, өңірлік әлеуметтік нарықтық даму, ұлттық мәдени дәстүрлер ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлейді.

Білім беру ұйымы жанындағы Әскери-патриоттық клубта білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудағы оқу-тәрбие үдерісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырда бекітілген № 499 қаулысымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгі ережелеріне және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубты құру үшін оқу орнының басшысы әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб (ӘПК және ӘСК) Жарғысын өз бұйрығымен бекітіп, оған сәйкес атауларын меншіктесе ғана болды.

Осы бұйрықпен оқу орнының жетекшісі оқу орнының оқытушылары қатарынан әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб жетекшісін тағайындайды.

Білім беру ұйымы жанындағы әскери-патриоттық немесе әскери-спорттық клубтардың «Жас Қыран» Республикалық әскери-патриоттық бірлестіктерді дамыту орталығы және Әскери-спорттық клубтардың республикалық федерациясы тәрізді қоғамдық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуіне болады.

Әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтарға (ӘПК және ӘСК) кірген білім алушылар әскери-спорттық клубтардың Республикалық Федерациясының мүшелері қатарының үміткерлері болуы мүмкін.

Әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтар Әскери-патриоттық клубтар Федерациясы өткізетін шараларға қатысуға құқылы.

Әскери-патриоттық клубтарға Әскери-спорттық клубтар Федерацияның рәмізі, ал клуб тәрбиеленушілеріне - куәліктер берілуі мүмкін. Ту мен рәміздің әзірленуіне жұмсалатын қаржы Қазақстан Республикасының әскери-спорттық клубтар Федерациясына жүктеледі.

Салтанатты рәсімді өткізу күнін әскери-патриоттық клубтар Федерациясымен алдын ала келіседі.

Әскери-патриоттық клубтың жетекшісі білім беру ұйымының басшысы бекіткен клуб тәрбиеленушілерінің тақырыптық және тәжірибелік жиынының жоспарын жас ерекшеліктеріне байланысты дайындайды. Тақырыптық және тәжірибелік жиындар жоспары мектептің сабақ кестесіне қайшы келмеуі тиіс.

Жиын жоспарына әскери-патриоттық клуб (әскери-спорттық клуб, кадет сыныбы) Жарғысымен қарастырылған іс-шаралар енгізіледі. Әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерінің жиыны айына бір рет өткізіледі.

Әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерінің жиынын ұйымдастыру үшін білім беру ұйымының жетекшісі оқу орнынан сәйкес ғимарат бөлуі тиіс.

Оқу орнының жетекшісімен бекітілген төменде көрсетілген тармақтар бойынша жалпы анықтама болған жағдайда жоспар орындалған болып саналады:

- шараның атауы, өткізу уақыты мен орны;
- жиынға қатысушы тәрбиеленушілердің саны;
- жиынға шақырылған еңбек және соғыс ардагерлері, спортшылар, әскери және басқа да мекемелердің өкілдері туралы мәлімет;
- әр іс-шараның нәтижесі;
- әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар.

Жоғарыда айтылған жоспардың сапалы және уақытылы орындалуы әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб жетекшісін Әскери-спорттық клубтардың Республикалық Федерациясы өкілінің құқығымен материалдық мадақтау туралы мәселені шешкен соң ескеріледі.

Оқу орнының жетекшісі ӘСК жетекшісінің өтініші бойынша спорттың түрлері бойынша әскери-спорттық ойындарда жоғары спорттық нәтижеге қол жеткізген әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтың тәрбиеленушілеріне спорттық атақтар және разрядтар иеленуі туралы мәселелерді шешу үшін Әскери-спорттық клубтардың Республикалық Федерациясына ұсынуға құқылы.

Әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб тәрбиеленушілері спортпен мемлекеттік арнайы балалар-жасөспірімдер спорттық мектептерінде шұғылданады. Бұл шарт спорт сабақтарының қауіпсіздігін қамсыздандырудың қажеттігіне байланысты.

Заңнамаға сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының қызметі лицензияланбайды.

Әскери-патриоттық клубтар немесе әскери-спорттық клубтар оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша жүйелік жұмыс жүргізуі, әскери-спорттық ойындар жүргізуі, қолданбалы спорт түрлері бойынша жарыстар, ерлік сабақтарың, Ұлы Отан Соғысы ардагерлерімен кездесулер, байқаулар өткізуі тиіс.

Өңірдің ойын, байқау, жарыс кезеңдерінің жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастыратын «Алау» және «Жас Ұлан» әскери-спорттық ойындарының Республикалық финалына қатысады.

Сонымен қатар, әскери-патриоттық және әскери-спорттық клуб жұмысының төңірегінде оның жетекшісі Әскери-спорттық клубтар Федерациясы берген құжаттарын қолдана отырып (бейінді білімі болған жағдайда), мектептік спорттық секцияларын ұйымдастыра алады.

Спорттың түрлері бойынша аудандық, қалалық, облыстық және республикалық әскери-спорттық ойындар және патриоттық бағыттағы шаралар мемлекеттік органдармен келісілген Әскери-спорттық клубтар Федерациясының күнтізбелік жоспары бойынша өткізіледі.

Спорттың түрлері бойынша әскери-спорттық ойындарға және патриоттық бағыттағы шараларға жұмсалатын қаражат Әскери-спорттық клубтар Федерациясына жүктеледі.

Білім беру ұйымы жанындағы әскери-патриоттық клубтың үлгі Жарғысы

1. Жалпы ережелер

1.1. Әскери-патриоттық клуб (бұдан әрі - клуб) орта мектептегі тәрбиеленушілердің жоғары патриоттық сана-сезімін қалыптастырып, спорттың және дене шынықтырудың насихаттауға және дамуына ықпалын тигізетін еркін балалар бірлестігі болып саналады.

1.2. Клубтың өз атауы, эмблемасы, туы және ұраны бар.

1.3. Клуб Жарғысын білім беру ұйымының Директоры бекітеді.

1.4. Клуб жетекшісі білім беру ұйымының директорымен тағайындалады және жұмысын қоғамдық бастамада жүргізеді.

1.5. Клубтың қызметі Білім басқармасының органдарымен қадағаланады.

1.6. Клуб қызығушылық танытқан Әскери-спорттық клубтар Федерациясымен, мемлекеттік органдармен, өңірлік әскери бөлімдер, қорғаныс ісі бойынша бөлімдер, дене шынықтыру және спорт органдарымен бірге жұмыс жасайды.

2. Клубтың құрылымы

2.1. Клубқа қатысушылар: оқушылар мен тәрбиеленушілер, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары және тағы да басқа заңды өкілдер болып табылады.

3. Клуб тәрбиеленушілері мен оқушыларының құқығы

3.1. Клуб оқушыларының мен тәрбиеленушілері құқықты: спорттық разряд және атақ алуға;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, «Жас Қыран» Республикалық әскери-патриоттық бірлестіктерді дамыту орталығының және Әскери-спорттық клубтар Федерациясының қамқорлығымен өткізілетін спорттың түрлері бойынша әскери-спорттық ойындарға және басқа да патриоттық бағыттағы іс-шараларға қатысуға;

Клубтың ерекше белгілері мен формаларын киюге;

әскери-патриоттық қозғалысты және жалпы клубты насихаттауға;

3.2. Клуб тәрбиеленушілеріне арнайы куәлік беріледі.

4. Клуб оқушылары мен тәрбиеленушілерінің міндеттері.

4.1. Клуб оқушылары мен тәрбиеленушілері міндетті: өз Отанының патриоты болуға;

адал және тәртіпті болуға;

салауатты өмір салтын насихаттап дене шынықтыру және спортпен белсенді шұғылдануға;

мұнтаздай киінуге;

мектеп мүлігіне ұқыппен қарауға;

мектеп бағдарламасы пәндері бойынша білімді табанды меңгеруге;
барлық жерде – мектепте, үйде және көшеде –тәртіп және сыпайылық ережелерін сақтауға;

клуб тәрбиеленушілері жиындарына қатысуға;

спорттың әскери-спорттық ойын түрлері бойынша клубтың және мектептің беделін қорғауға.

5. Клуб жетекшісінің міндеттері

5.1. Клуб жетекшісі жалпы Клуб жетекшілігін жүзеге асырады.

5.2. Клуб жетекшісі жауапты:

Клуб оқушылары мен тәрбиеленушілеріне патриоттық тәрбие беру;

әскери бөлімдерге экскурсия жасауға;

спорттың түрлері бойынша әскери-спорттық ойындарға және патриоттық бағыттағы шараларға клубтың құрама командасын құруға;

ауданның (қаланың) еңбек сіңірген адамдары мен соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесу ұйымдастыруға;

мектептік әскери-патриоттық шаралар өткізу;

басқа да балалар және жасөспірімдер әскери-патриоттық ұйымдарымен қатынас орнатуға;

спорттың түрлері бойынша әскери-спорттық ойындар және әскери бөлімшелерге экскурсия жүргізгенде Клуб тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5.3. Клуб жетекшісі міндетті:

клуб тәрбиеленушілерінің тақырыптық және тәжірибелік жиындарын жоспарлауға және ұйымдастыруға;

тақырыптық және тәжірибелік жиындарға білікті мамандарды тартуға;

әскери-спорттық клубтардың Республикалық Федерациясына, Білім басқармасының органдарына, білім беру ұйымының басшысына Клуб тәрбиеленушілерінің саны, жүргізілген жұмыстар туралы есеп беруге.

6. Клубқа кіру ережелері

6.1. Клубқа дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын мектеп оқушылары (ер балалар мен қыз балалар) қабылданады.

6.2. Клубқа қабылданған жағдайда үміткерлер салтанатты ант береді. (3-қосымша)

7. Клуб оқушылары мен тәрбиеленушілері жиынын ұйымдастыру

7.1. Клуб оқушылары мен тәрбиеленушілері жиыны айына бір рет ұйымдастырылады.

7.2. Жиын жоспарын мектеп Директоры бекітеді.

7.3. Жиын міндеттері:

жалпы әскери жарғылар, Қарулы Күштердің әскери дәстүрлері мен тарихын оқып білу;

әскери бөлімдердің жеке құрамының тұрмысы, қару жарағы және әскери техникасымен таныстыру;

саптық даярлық;

топографиялық картамен жұмыс жасау дағдаларын қалыптандыру; медицина білімінің негіздерін оқып білу.

8. Марапаттау туралы

8.1. Клубтың тәрбиеленушілеріне оқу және спорт жетістіктеріне, жақсы тәртібіне және мектеп және клуб өміріне белсенді қатысқаны үшін төмендегідей марапатталады:

жеке картасын толтыру арқылы Клуб жетекшісінің алғыс білдіруі; мектеп Директорының Клубтың Құрмет Кітабына енгізуі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, «Жас Қыран» Республикалық әскери-патриоттық бірлестіктерді дамыту орталығының және Әскери-спорттық клубтардың Республикалық Федерациясының мадақтау қағазымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталуы;

«Оқу және спорт озаты үшін» омырауға тағатын белгімен марапаттау.

8.2. Жыл қорытындысы бойынша ең үздік жұмыс көрсеткіштеріне ие болған Клуб бағалы сыйлықпен және табыс етілетін Федерация жалаушасымен марапатталады.

9. Клуб қызметінің негізгі бағыттары

9.1. Клуб өз қызметін білім беру мекемесі әкімшілігінің жетекшілігі-мен жүзеге асырады, және де қызметі жастардың рухани-адамгершілік, патриоттық және дене дамуына бағытталған ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

9.2. Клуб өз қызметінің бейінін анықтайды, жұмысын жоспарлайды және оқу бағдарламаларын құрастырады.

9.3. Клуб әскери – спорттық және жасәскерлік ойындар, жарыстар, экскурсиялар, жорықтар, өрнекі қойылымдар, жазғы лагерлер мен жиындар, көрмелер және т.б. өткізеді.

9.4. Клуб іздеу экспедицияларына, әскери даңқ ескерткіштерінің құрылыстарына және олардың күтілуіне қатысады.

9.5. жастардың азаматтылық және патриоттық сезімін дамытуда ақпараттық-баспасөз қызметін жүргізеді.

9.6. Ұлы Отан соғыс, еңбек және құқық қорғау органдарының ардагерлеріне, әскери борышын орындауда қайтыс болған әскери қызметкерлердің отбасына көмек көрсетеді.

10. Клуб қызметіне қойылатын талаптар

10.1. Клуб ұжымы мәдени-тарихи, әлеуметтік, рухани-адамгершілік бағыттағы бағдарламаларға сәйкес нақты іс-шараларда белсенді жүзеге асырылатын нақты құндылықтар жүйесінің тасушысы болып саналады. Клуб басқа да балалар және жастар ұйымдарымен бірге жобаларды жүзеге асыруға, сан алуан әлеуметтік бағдарламаларға қатысуға, халықаралық іс-шаралар өткізуге мүмкіндік береді.

10.2. Клубтық іс-шаралар төңірегінде мектеп оқушыларына қызықты, тереңдетілген, тақырыптық тілдесу мүмкіндігі беріледі.

10.3. Клуб төңірегінде әскери-патриоттық тәрбие беру балаларды Қазақстанның тарихи-мәдениеттік мұрасына араластыруға, қазіргі Қазақстанның тарихи-мәдениеттік үдерісінің бір бөлшегі екенін сезіндіруге және өз елінің бүгінгі мен ертеңіне жауапкершілігін сезінуге, ел алдындағы әскери борышына қатысты өз позициясын қалыптастыруға шақырылған.

10.4. Азаматтық және әлеуметтік бағыт маңызды әлеуметтік мәселелерімен (Қазақстанның этномәдениеттік және ұлтшылдық алуан түрлілігі, нашақорлық, лаңкестік, қоршаған ортаны қорғау) таныстыру және оларды талқылау арқылы белсенді азаматтық және қоғамдық позицияны қалыптастыруға бағытталған. Клуб қатысушыларына азаматтық қорғау және туризм саласындағы тәжірибелік дағдыларды, және де тиімді тілдесудің әлеуметтік-психологиялық және командалық өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру ұсынылады.

10.5. Рухани-адамгершілік тәрбие берудің атақты қазақ батырлары мен билерінің ерліктерін, Қазақстанның рухани дәстүрін құрайтын мәдениеттер негізімен таныстыру мақсаты бар.

10.6. Барлық тақырыптық бағыттар клуб бағдарламасында көрсетілуі тиіс. Мәдени-ағартушылық бағыт ақпараттық құнарлық, интеллектуалдық және мәдениеттік даму, берілген мәселе бойынша өз позициясын сезіну болып табылады. Тәжірибелік сабақтар, жобалар, акциялар, жеке шығармашылық тапсырмалар материалдың жақсы меңгерілуіне ықпалын тигізеді, және де өз білімін, іскерлігін және сенімдерін нақты қызметте белсенді жүзеге асыру дағдысын қалыптастырады.

11. Клубтың мақсаты – өскелең ұрпақты қазақстандық патриоттық рухында тәрбиелеу және олардың азаматтық ой-санасын қалыптастыру.

Клубтың міндеттері:

1) тұлғаның азаматтық қалыптасуы және рухани-адамгершілік дамуы, патриоттық тәрбиеленуі үшін жағдай жасау

2) ойын қызметі негізінде оқушылардың дербестігін және инициативасын дамыту;

3) қолданбалы спорт түрлерін насихаттау, жария ету және дамыту, салауатты өмір салтын әдетке айналдыру;

4) өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру бойынша Клуб жұмысын жетілдіру және белсендендіру;

5) басқа да Клубтармен бірігіп жұмыс жасауды нығайту.

12. Әр бағыт бойынша *біртұтас тәрбие беру жүйесіне біріктірілген арнайы оқыту және дамыту бағдарламалары* дайындалады.

Қызмет бағыттары

Спорттық қызмет:

1. Жалпы физикалық дайындық.
2. Спорттық секциялар: теннис, волейбол, баскетбол, футбол.
3. Спорттың әртүрлі түрлері бойынша мектеп біріншілігі.
4. Қалалық спартакиада

Әскери:

1. Қоян-қолтық айқас.
2. Саптық даярлық
3. Атыстар.
4. Арнайы медициналық дайындық.
5. Жазғы далалық-әскери лагерлер ұйымдастыру.

Патриоттық:

1. Қазақстан тарихын, оның рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтарын терең оқып білу.

2. Рухани дәстүрлер және қазақстандық әскер тарихын оқып білу

3. Салауатты өмір салтын насихаттайтын іс-шаралар, дәрістер, сұхбаттар, патриоттық мазмұны бар видеоматериалдарды қарау.

4. Қызықты адамдармен кездесу.

5. Өлкетану жұмысы.

6. Жалғыз үйлі қоныс аумағындағы экологиялық-эстетикалық шаралар

Қызмет түрлері әр түрлі болуы мүмкін: жарыс, интеллектуалдық ойындар, байқаулар, әскери-спорттық слеттар және ойындар, сындар, мерекелер, кездесулер, саяхаттар, жорықтар, туристік және өлкетану экспедициялары және т.б.

13. Әскери-патриоттық клубтардың қызметін демеу

13.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, Әскери-спорттық клубтар Федерациясы, Республикалық жас әскер бірлестіктерінің штабы, әскери-патриоттық ұйымдарды дамыту мәселелерімен айналысатын қоғамдық институттар балалар мен жасөспірімдердің азаматтық жауапкершілігін және патриоттық сезімін қалыптастыру жұмысын ұйымдастыру бойынша ӘПК қызметін үйлестіреді және жан-жақты қолдау көрсетеді.

13.2. Әскери-патриоттық клубтар (ӘПК) қызметін қолдауға қажетті нормативтік құқықтық актілерді дайындайды.

13.3. ӘПК жетекшілерінің оқу-әдістемелік жиынын ұйымдастырады және өткізеді.

13.4. Жастарға рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие беру бойынша клуб қызметі туралы бейнефильмдер, ақпараттық, оқу-әдістемелік, көрнекі құралдар шығарады

13.5. Әскери-патриоттық клубтар (ӘПК) ұйымдармен, мекемелермен, шығармашылық, еңбек ұжымдарымен әскери-шефтік байланыс орнатуға әрекет жасау;

13.6. Білім беру бағдарламаларын, семинарлар, байқаулар, жиындар, тәжірибелерді және тағы басқа азаматтық пен патриоттықты дамытуға бағытталған әскери-патриоттық клуб (ӘПК) іс-шараларын дайындау және жүзеге асыруға қатысады.

13.7. Әскери комиссариаттар:

әскери-патриоттық клуб (ӘПК) қызметі туралы әскери қызметтен шығарылған әскерге дейінгі балаларды ақпараттандырады;

Қарулы Күштер, әскери құрамалар және басқалар әскери-патриоттық клуб тәрбиеленушілерінің дайындық бейінін ескереді;

әскери-патриоттық клубта дайындықтан өткен және әскери қызметін өтеген балаларды жоғары оқу орындарына түсуге ұсынады.

14. Клуб қызметін басқару (ӘПК)

14.1. Әскери-патриоттық клубтардың қызметіне жетекшілік жүргізу осы Жарғыға, Қағидатқа және қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

Клуб қызметін басқару меншіктік және ведомстволық түріне қарамастан, қосымша білім беру ұйымдары *түрлерінің* қызметінің тәртібін анықтайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген **Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы үлгі ережелерге** сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген **Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларына**, осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Әскери-патриоттық клубтар қызметін үйлестіру үшін қамқоршы кеңесін құруға болады. Ол жастардың азаматтық және патриоттық сезімін дамытуға ықпалын тигізетін тәрбиеленушілердің ата-анасын, жергілікті басқарма, ұйым-мекеме, әскери комиссариат, және тағы да заң және жеке тұлғалардың атқарушы өкімет органдарының өкілдерін, жетекшілерін қамтиды.

15. Клуб қызметін материалдық-техникалық қамсыздандыру

15.1. Клуб қызметі қаражат есебінен қамсыздандырылады:

1) білім беру ұйымдары

2) демеушілердің жәрдемімен, және де білім беру ұйымдарында реттелетін қаражаттармен.

15.2. Клуб әскери бөлімшелерінің, әскери-оқу орындарының оқу-материалдық базасын қолдану, және де Клубтың атына (на баланс ОО) өндірістен алып тасталған, қолданыстан шыққан және тізімнен шығарылған әскери бұйымдарды, киім кешектерді, техникаларды келісім бойынша заңнамаға сәйкес әскери бөлімшелердің бұйрығы арқылы беріледі.

15.3. Клуб орнатылған тәртіп бойынша келісім шарт негізінде жарғылық міндеттерді жүзеге асыру мақсатында білім беру ұйымының оқу-материалдық базасын, жастарды әскерге дайындаушы ұйымдарды қолдануына болады.

Қорытынды

Патриоттық тәрбие беру – бұл көпжоспарлы, жүйелі, бірбағдарлы және үйлестірілген қызмет.

Тәрбие беру – бұл үзілмес үдеріс. Патриоттық тәрбие беруге жүйелі тәсілді қолдану патриоттық бірлестіктер мен клубтардың қызметінде анығырақ көрінеді, мұнда жасөспірімдер мен жастар өз ұлы Отаны туралы білім меңгеріп қана қоймай, түрлі қорғану-спорттық байқауларға қатысып қана қоймай, сонымен қатар қоғамда әлеуметтену үдерісін өтеді.

Азаматтық-патриоттық тәрбие беруде балаларға қосымша білім беру ұйымының алатын орны ерекше, оның бірі әскери-патриоттық клуб. Балаларға қосымша білім беру жаңа қазақстандық қоғамда қалыптасқан білім кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол әлеуми қажет, үнемі ықыласты және баланың тұлғасын тәрбиелеу, оқыту және дамытуды түйістіре қамтыған білім ретінде қоғам мен мемлекеттің тарапынан демеуді талап етеді.

Қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беру мектептері қол астындағы әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтардың жұмысын ұйымдастырудың тиімділігі материалдық базасына, жабдықтандырылуына, тәжірибелік бағдары мен нәтижелілігіне байланысты.

Жұмыстың нәтижелі болуы үшін әскери-патриоттық клуб еркін, әскери-патриоттық ұйымдармен, әскери-спорттық, әскери-ізденушілік және спорттық-техникалық клубтар жұмыс жасауы қажет, ал олардың саны мемлекетімізде төрт жүзден жоғары.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың ішкі және сыртқы саясатын қолдай отырып, әскери-патриоттық және әскери-спорттық клубтар мемлекеттік биліктің беделін көтеріп, балалар мен жастардың азаматтығы мен патриоттығын маңызды рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар ретінде дамуын қамтамасыз етіп, кәсіби маңызды қасиеттерін, біліктілігін және олардың өмірдің әр саласында белсенді көрінуін, конституциялық борышына адал болуын, жоғары жауапкершілікке дайын болуын қалыптастырады.

Қазақстандық патриоттықты қалыптастыру үшін клубтардың мұғалімдері мен жетекшілеріне үлкен ұйымдастырушылық деңгейдегі мәдени-бұқаралық іс-шаралар, жарыстар, байқаулар өткізу қажет. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие беру үдерісі патриоттық бағытта болуы тиіс. Бұл жағдайда, Отанға деген сүйіспеншілік, жалпы адамгершілік құндылықтар, гуманизм, қазақстандық патриоттық идеясының негізінде оқушы жастардың тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

Жаңа қазақстандық патриотизм – көппұлттық және көпконфессиялық қоғамымыздың табыстылығының негізі.

Әдебиеттер тізімі

- ҚР Конституциясы.
ҚР «Білім туралы» Заңы
ҚР «ҚР Қарулы Күштері және қорғаныс туралы» Заңы.
ҚР «Жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы» Заңы.
ҚР Үкіметінің «Алғашқы әскери дайындық туралы» Қаулысы.
ҚР Қарулы Күштерінің Жарғылары.
АӘД бойынша оқулық, Алматы "Мектеп", 2006 ж.
Қазақстан Республикасы Президентінің № 73 Өкімі, 28.08.1999 ж.
АӘД және ӨҚН бойынша оқу-әдістемелік журнал. Алматы «Мектеп»,
2003 ж.,48-бет.
Мухин С.В. Нетрадиционные педагогические технологии в обучении,
2004, 256-бет
Вагина Л.А. Педагогические советы. 2000 ж., 145-бет
Дик Н.Ф. Воспитательная система образовательного учреждения, 2006,
с.256
Педагогический энциклопедический словарь Москва, 2003 ж.,235-бет
Аранбосарова Э.А. Оқытушы этикасы, Алматы, 2003ж.,136-бет
Сластенина В.А. Методика воспитательной работы - Москва-2004,143-
бет
Слущкий М.А. Планирование воспитательной работы, Москва, -2000,
149-бет
Дене шынықтыру бойынша нұсқаулар (ДШН-86)

_____ орта мектебі жанындағы
әскери-патриоттық клубының тәлімгерлер
ТІЗІМІ

№	Тегі, Аты- жөні	Туған жылы, айы мен күні	Сынып	Шұғылданатын спорт түрі, оның ішінде факультативтік уақытында	Спорттық разряды (дәрежесі)
1	2	3	4	5	6

Клуб жетекшісі

(қолы, ТАЖ)

**ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ КЛУБ
ТӘРБИЕЛЕНУШІСІНІҢ ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

Тегі, аты-жөні _____

Күні, айы және туған жылы _____

Туған жері _____

Сыныбы _____

Әуестенуі _____

Қандай спорт түрімен шұғылданады _____

Спорттық разряд (атағы) _____

Мекен-жайы _____

Телефоны _____

**Әскери-патриоттық клуб тәлімгерлерінің
салтанатты антының мәтіні**

Мен (Т.А.) (клуб атауы) әскери-патриоттық клуб қатарына ене отырып, өз жолдастарымның алдында:

әділ, тәртіпті және жауапкершілігі мол тәлімгер болуға;

клуб Жарғысын сақтауға және оны өз жолдастарымнан талап етуге;

өз Отаным - егеменді Қазақстанға, оқу үдерісінде шынайы еңбегіммен қызмет етуге;

өз ата-анам, мұғалімдерім мен үлкендерді сыйлауға және құрметтеуге, кішілерге қамқор болуға;

маған ұсынылған білім мен білік дағдыларын табанды игеруге және өз жолдастарыма көмектесуге;

денсаулығымды нығайтуға;

әкелеріміз бен аталарымыздың даңқты ерліктерін үлгі ете отырып, Отанға қызмет етуге және ерлік істерді үйренуге салтанатты түрде ант етемін!

**АСТАНА ҚАЛАСЫ
№71 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ**

**«Сұңқар» әскери-патриоттық клубының
ЖАРҒЫСЫ**



АСТАНА

1. Жалпы ережелері

1.1 «Сұңқар» әскери-патриоттық клубы (бұдан әрі – «Сұңқар» ӘПК) әскери-патриоттық бағытта қосымша білім беру бағдарламасын іске асыратын Астана қаласының № 71 мектеп-лицейіндегі жасөспірімдер бірлестігі.

1.2 «Сұңқар» ӘПК № 71 мектеп-лицейі директорының 2013 жылғы 15 қыркүйектегі №31 бұйрығымен құрылды.

1.3 «Сұңқар» ӘПК-ң орналасу мекен-жайы – Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Жағалау-3 шағын ауданы.

1.4 «Сұңқар» ӘПК қалалық білім беру департаментімен, ҚР бас әскери прокуратурасымен, аудан әкімшілігімен, әскери бөлімшелермен, алғашқы әскери дайындық сабағын ұйымдастырушы мұғалімдердің әдістемелік бірлестігімен тығыз еңбек жасайды.

2. Клуб қызметінің бағыты мен мақсаты

2.1. «Сұңқар» ӘПК мақсаты: балаларға жағдай жасау жеке тұлға ретінде қалыптастыру, қабілеттерін іске асыру, қоғамдағы әлеуметтік өмірге бейімдеу, азаматтық ұстанымын қалыптастыру, жалпы мәдениет, салауатты өмір салтын, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілікті, жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, бос уақыттарын ұйымдастыру.

«Сұңқар» ӘПК міндеттері:

Қазақстан Республикасының Конституциясына және басқа заңдарына деген құрметті тәрбиелеу;

жастар мен оқушыларға патриоттық және интернационалды тәрбие беру;

жоғары моральді-эстетикалық және психологиялық қасиеттерді қалыптастыру;

Қазақстан Республикасы – Отанының тағдырына деген жауапкершілікті, азаматтық сезім мен Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;

Достық пен серіктестікті, ұжымдық рухты қалыптастыру

2.2. Қойылған мақсатқа жету үшін «Сұңқар» ӘПК келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) әскери-патриоттық бағытта қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеу, және іске асыру;

2) әскери-патриоттық бағытта білім беру және тәрбиелеу жұмыстарын жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының тарихын, ата-бабаларымыздың рухани мұрасын, олардың әскери және жауынгерлік дәстүрлерін оқып білу, жас ұрпақтың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

4) Қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, Қазақстан Республикасында тұратын халықтардың мәдени дәстүрлерін құрметтеуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

5) жасөспірімдерде салауатты өмір салтына деген ішкі қажеттілікті, рухани және денені жетілдіруге деген талпынысты қалыптастыруға бағытталған әскери-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

6) жасөспірімдерді құқықтық және адамгершілік тәрбиелеуге бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

7) әскери-патриоттық бағытта мектептік және мектептен тыс сайыстарды ұйымдастыру және өткізу;

8) қазақстандықтардың еңбек және әскери дәстүрін насихаттау мәселелерінде мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер, партиялар және қозғалыстармен бірлесе әрекет ету;

9) жастар мен ересектердің шығармашылық кездесулеріне, қоймаларға, слеттерге, мектептік, қалалық, республикалық және де халықаралық сайыстарға қатысу;

10) әскери-патриоттық бағытта оқушылар арасында зертеу жұмыстарын ұйымдасытру;

11) «Сұңқар» ӘПК қызметін ақпараттық қамтамасыз ету.

3. «Сұңқар» ӘПК мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

3.1 «Сұңқар» ӘПК мүшесі болу үшін оқушы өз еркімен өтініш жазу арқылы қабылданады.

3.2 «Сұңқар» ӘПК мүшесі құқылы:

Клуб мүшелерінің жиналысына қатысу және шешуші дауыс құқығына ие болу;

«Сұңқар» ӘПК қызметін жақсартуына ұсыныстар енгізуге;

«Сұңқар» ӘПК Кеңесі құрамына сайлауға және сайлануға;

«Сұңқар» ӘПК өткізетін спорттық және де басқа да іс-шараларына қатысу;

«Сұңқар» ӘПК көрнекі құралдарын қолдануға және де ондағы мамандардан кеңес алуға;

«Сұңқар» ӘПК өткізетін Курстарда білім алуға және де ұйымдастырылған іс-шараларға қатысуға;

3.3 «Сұңқар» ӘПК мүшесінің міндеттері:

Оқу және тәртібі бетке ұстар болуы тиіс;

өзінің патриоттық және сенімді Отан қорғаушысы қасиетін қалыптастыруға;

Клубтың жұмысына, оның өткізетін іс-шараларына белсенді қатысуға;

«Сұңқар» ӘПК намысын қорғауға, өзінің теориялық және практикалық білімін жүйелі түрде толықтыруға;

Клуб жиналысы мен сабақтарына қатысуға, қоғамдық тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға;

Клубтың материалды мүлігіне ұқыпты қарауға;

Сұңқар» ӘПК қызметін ұйымдастыруды жақсартуға бағытталған ұсыныстарды жетекшіге жеткізуге.

3.4 Клуб мүлігіне ұқыпсыз қарағаны, өзін-өзі ұстай білмегені, тәртіп бұзғаны үшін тәрбиеленуші Клуб мүшелерінің жалпы кеңесінде хаттама шешімімен «Сұңқар» ӘПК-ң мүшелігінен шығарылады.

4. Клубтың басқарылуы

4.1 Мектеп базасында құрылған Клубтың жалпы басқаруын мектеп әкімшілігі жүргізеді.

4.2 Білім беру ұйымының директоры заңмен бекітілген түрде келесі қызметтерді атқарады:

1) «Сұңқар» ӘПК жетекшісі лауазымына тағайындайды және де босатады;

2) «Сұңқар» ӘПК мақсаты, міндеттері мен қызмет нысанын анықтайды;

3) «Сұңқар» ӘПК мүлігін бекітеді;

4) «Сұңқар» ӘПК жұмыс кестесін бекітеді;

5) Клубты қаржыландыру сметасын (шығындар жоспарын) бекітеді;

6) «Сұңқар» ӘПК-ға тапсырылған мүліктің сақталуы мен тиімді қолданылуына бақылау жүргізеді;

7) Клуб Жарғысына және де білім беру бағдарламаларына өзгерістер мен қосымшалар енгізеді;

8) «Сұңқар» ӘПК-нің шешім қабылдау тәртібі және клуб жетекшісінің өкілеттігі мерзімін, клубтың құру тәртібі мен құрылымын анықтайды;

9) «Сұңқар» ӘПК қызметі мен тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруы мен іске асыруын қамтамасыз етеді;

10) «Сұңқар» ӘПК-ң даму жоспарын, оқу сабақ бағдарламаларын және олардың іске асуын және олардың орындалуын қарастырады, үйлестіреді және де бекітеді;

11) «Сұңқар» ӘПК-ң даму жоспарын іске асуын және де клуб мүлігінің сақталуының бақылауы мен сараптамасын жүргізеді.

4.3 «Сұңқар» ӘПК жетекшісі:

1) «Сұңқар» ӘПК-ң басым жұмыс бағыттарын және міндетті түрде орындалуы тиіс жұмыс көлемін анықтайды;

2) Білім беру ұйымының директорына «Сұңқар» ӘПК-ң мақсаты, міндеттері және қызмет нысаны бойынша ұсыныстарды енгізеді;

3) «Сұңқар» ӘПК-нің білім беру бағдарламаларын, даму жоспарларын әзірлейді, білім беру ұйымының директорына бекітуге енгізеді және оларды орындайды;

4) Білім беру ұйымының директорына «Сұңқар» ӘПК-ның шығындар сметасын бекітуге ұсынады;

5) «Сұңқар» ӘПК қызметін жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

6) «Сұңқар» ӘПК-нің мүлігіне, білім беру бағдарламалары мен клубтың даму жоспарларының жүзеге асырылуына жауап береді;

7) басқа ұйымдарда Клуб жетекшісі клубтың мүддесін өзіне осы Жарғымен анықталған клуб өкілі ретінде таныстырады;

4.4 Клуб жетекшісіне көмек ретінде патриоттық және бұқаралық спорттық жұмыс ұйымдастыру үшін ұжымдық басқару органы - Клуб Кеңесі сайланады.

4.5 Клуб кеңесі, Әдістемелік кеңес жалпы мүшелер жиналысында ашық дауыс беру арқылы екі жылға тағайындалады. Клуб жетекшісі кеңес мүшесіне енеді.

4.6 Клуб кеңесі өзінің жұмысын Клубтың дамуы мен жақсаруы негізгі бағыттарына сәйкес жоспарлайды, жастарда қолданбалы, техникалық мамандықты алуға, техникалық немесе қолданбалы спорт түрінен спортсмен-разрядшы болуға талпынысын арттырады.

4.7 Клуб жетекшісі «Сұңқар» ӘПК оқу-тәрбиелеу үдерісін бағдарламалық - әдістемелік жағынан қамтамасыз етеді, инструкторлардың шеберлігі мен ғылыми-әдістемелік және теориялық даярлығын арттыру жұмыстарын ұйымдастырады, Клуб инструкторларының тәжірибесін жинақтайды және таратады.

5. Қаржыландыру көздері

5.1 Клуб қызметін қаржыландырылуы жергілікті атқарушы органдардың, білім беру ұйымы есебінен, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен жәрдемдерінен, өткізілетін іс-шаралардан түсетін және басқа заңнамаларға қайшы келмейтін түсімдер арқылы жүзеге асады.

6. Клубты қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

6.1 «Сұңқар» ӘПК-нің қайта ұйымдастырылуы мен таратылуын білім беру ұйымының директоры жүзеге асырады.

6.2 Барлық мүлік, ғимарат, қаражат мектеп әкімшілігіне тапсырылады.

7. Клуб ережелеріне өзгерістерді енгізу тәртібі

7.1 «Сұңқар» ӘПК жарғысына өзгерістер мен толықтырулар білім беру ұйымы директорының бұйрығымен енгізіледі.

**Астана қаласы
№71 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ**

**«Сұңқар» әскери-патриоттық клубының
оқу білім бағдарламасы**



Астана қ.

**«Сұңқар» әскери-патриоттық клубының
Білім беру бағдарламасы**

Түсініктеме хат

Патриоттық тәрбиелеу мен жасөспірім ұрпақты азаматтық қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда қоғамның және мемлекеттің ең маңызды мәселелерінің бірі. Қоғамға ел игілігі үшін сабақ оқуға даяр және ол үшін еңбек етуге даяр дені сау, қайратты, батыл, ынталы, тәрбиелі, сауатты адамдар қажет. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеуде патриотизм және Отанға деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу ерекше орын алады.

Патриотизм – ол қоғам мен адам ие болатын құндылықтар жүйесі, тәуелсіздік пен мемлекет қауіпсіздігін сақтайтын ең маңызды фактор болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде балалар мен жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру жүйесі қайтадан пайда болып отыр. Бұл жүйеде өсіп келе жатқан ұрпақты дәстүрлі әскери қызметке даярлау міндетінен тыс, құтқарушы, әлеуметтік жұмысшы, өрт сөндіруші, құқық қорғаушы органдарының қызметіне балаларды бағыттауға қажеттілік туып отыр.

Осыған орай, Астана қаласының № 71 мектеп-лицейінің базасында «Сұңқар» әскери-патриоттық клуб ашылды. Мұнда жасөспірімдер

патриотқа, азаматқа, болашақ Отан қорғаушыға керек кәсіптік білім мен дағдыны, адамгершілік, моральдік-психологиялық және дене шынықтыруға қажетті білім алады.

Патриоттық тәрбие беру дегеніміз - мұғалімнің оқушы санасына, сезіміне, еркіне, психикасы мен дене дамуына әсер етуінің ұйымдастырылған және тоқтаусыз үдерісі. Әскери-патриоттық тәрбиелеу кешенді түрде өткізіледі. Осының арқасында жасөспірім өзінің қызығушылықтары мен қабілеттерін шыңдауға, денсаулығын нығайтуға, әскери-қолданбалы спорт түрлерін меңгеруге мүмкіндік алады.

«Сұңқар» әскери-патриоттық клубына қатысушылары – қызмет бағыттары бойынша оқу топтарына бөлінген 14-17 жастағы балалар мен жасөспірімдер.

«Сұңқар» әскери-патриоттық клубының мүшелері өздерінің іс-әрекетінде ҚР құқықтық нормативтік құжаттарын басшылыққа алады.

Әскери-патриоттық клубы қызметінің негізгі қағидаттары:

еріктілік;

өзара әрекеттесу;

жеке тұлғалық және жас ерекшеліктерді есепке алу;

дисциплина аралық қағидаты;

сабақтастық;

тең құқықтық және ынтымақтастық;

жариялылық;

дербестік;

жауапкершілік;

ұжымдық;

жеке дамуына жауапкершілік.

Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Мақсаты – оқушылардың тұлғалық өзін-өзі анықтауына, дамуына, қабілеттерін шыңдауға, қоғамдағы әлеуметтік өмірге бейімделуге, азаматтық сана сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау, қазақстандық патриотизм, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік рухында жасөспірім ұрпақты тәрбиелеуге, олардың бос уақыттарын маңызды және мәнде өткізілуін ұйымдастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Қазақстан Республикасы – Отанының тағдырына деген жауапкершілікті, азаматтық сезім мен қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;

жоғары моральді және психологиялық қасиеттерін қалыптастыру;

достық пен серіктестікті, ұжымдық рухты қалыптастыру;
дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және әскери спорттық сайыстарды өткізу.

ұлттық және азаматтық сана сезімді тәрбиелеу: ұлттық мәдениетті игеру қажеттілігі, рухани мәдениет құндылықтарын көбейтуге пейілдену, қоғамның мәдени өміріне қатысу;

Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

оқушыларды патриоттық тәрбиелеу жұмыстарын жетілдіру, әскери– спорттық, техникалық даярлықты жақсарту;

халықтың даңқты ерліктеріне және өткен тарихына назар аудару;

жастар арасында қылмыс және құқық бұзушылықты профилактика жүргізу жөнінде тиімді жұмыс жүйесін табу – құқықтық тәрбиелеуді жақсарту;

спорттық-патриоттық бірлестіктердің, әскери-патриоттық, құқық қорғау бағыттағы үйірмелердің, секцияларының жұмыстарын белсендендіру;

жастарды азаматтық, рухани-адамгершілігін дамыту, әлеуметтік-саяси және де патриоттық қалыптастыру жұмыстарын әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Бағдарламаның тұжырымдамалық негіздері

«Сұңқар» әскери-патриоттық клубында бағдарлама оқушыларды белсенді, жеке іс-әрекет ете алатын тұлға тәрбиелеу міндеттерін шешуге жағдай жасайды.

Бұл бағдарламаның өзгешелігі, мәні - оның салауатты өмір салтына бағытталғанында. Бұл адам бойында мейірімділік, адамгершілік және рухани қажеттіліктерді, қоғамдық жұмыстарда белсенді ұстанымдарды, қоршаған әлемге саналы көзқарас туғызады.

Бағдарлама оқушылардың дарындылықтары мен ынталарын дамытады және қалыптастырады. Оларға іс-әрекет түрлері мен нысандарын таңдау құқығын береді. Әр оқушыға ұжымның өмір салты мен атмосферасына ықпал етуіне мүмкіндік береді.

Балалардан физикалық және психологиялық жүктемені алу, жалпы сауықтыруға жағдай жасау мақсатында бағдарлама жүзеге асырылады.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде **тәрбиелеудің келесі қағидалары қолданылады:**

тәрбие берудегі тұлғалық тәсіл: дамып келе жатқан адам тұлғасын әлеуметтік жоғарғы құндылық ретінде тану, әр баланың бірегей ерекшелігін құрметтеу;

тәрбие берудің табиғи үйлесімділігі: балалардың жынысы мен жас ерекшеліктерін міндетті түрде есепке алу;

тұлғааралық қарым-қатынасты ізгілендіру: тәрбиелеуші мен балалар арасында сыйластық қарама-қатынасы, балалардың пікіріне шыдамдылық таныту, табыс жағдайын үйлестіру;

тәрбие берудегі қызметтік тәсіл: балалар лагерінің тіршілік әрекетін тәрбие үрдісінің негізі ретінде ұйымдастыру;

тәрбие берудегі дифференциация: жасөспірімдердің жеке-психологиялық ерекшеліктеріне сай тәрбиелеудің әдістері мен мазмұнының түрлерін саралау;

тәрбие беру үдерісінің үздіксіздігі: жалпы және жеке баланың ерекшеліктерін есепке алатын тәрбие жұмысын ұйымдастырудың сабақтастығы;

медициналық, психология-педагогикалық, әлеуметтік және спорттық іс-шараларын **кешенді жүзеге асыру.**

Бағдарламаның іске асуы бәрінен бұрын баланың шығармашылығын дамытуға бағытталған. Тағы бір компоненті, балалар мен педагогтың бірегей шығармашылық жұмысы болып табылады. Балалардың әлеуметтендірілуіне үлкен орын беріледі. Өзін-өзі басқару органдарын құру арқылы, оларды әлеуметті-маңызды қарым қатынастарға еліктіреді.

Сонымен, әр бала ұжым өмірінде өзін-өзі дамыту мүмкіндігіне ие бола алады.

Бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі

«Балалар құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы ;

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

«2011-2015 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 86-ө Өкімі;

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметі туралы Үлгі ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы;

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы;

«Сұңқар» Әскери-патриоттық клубының Жарғысы.

Бағдарламаны іске асыру механизмі мен қызметінің мазмұны

Осы бағдарламаның шеңберінде өтетін барлық іс-шаралар балалар мен жасөспірімдердің ағзасына түсетін психологиялық және физикалық жүктемені азайтуға, әр баланың толық дамуына, оның қайталанбастығын сақтап қалуға, талантын ашуға, ақыл-ойы мен денесін жетілдіруге бағытталған.

Клубтағы сабақтар барысында оқушылар жалпы әскери және әскери техникалық даярлық дағдылары мен білімдерін меңгеріп, өздерін моральді және денесін шынықтырады.

Теориялық және практикалық сабақтар жүргізіледі, әскери-патриоттық бағытта әртүрлі іс-шаралар жүргізіледі. Жазғы және қысқы жорықтар, марш-зымыраулар, ҰОС және Еңбек ардагерлерімен, интернационалист жауынгерлермен кездесулер, бөлімшелерге бару, тақырыптық кештер, әскери-патриоттық бағыттағы мектептің, қаланың, республиканың мәдени-бұқаралық барлық іс-шараларына қатысады.

Сағат саны – 136 (бірінші жылы)

№	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
I	Әскери іс негіздері	46
1	ҚР Қарулы күштерінің құрылымы	6
2	ҚР ҚК жарғылары	4
3	Атыс даярлығы	6
4	Саптық даярлық	6
5	Тактикалық даярлық	6
6	Әскери топография	6
7	Азаматтық қорғаныс	6
8	Әскери-техникалық даярлық	6
II	2. Дене тәрбиесі, әскери спорт	48
1	Марш-бросок және кросстар	6
2	Кедергі телімдерін еңсеру	6
3	Спорттық бағдарлаумен жазғы және де қысқы туристік походтар	6
4	Қырлы бөренелер мен турникте жаттығулар	6
5	Жүзу	6
6	Ойын түрлері	6
7	Атыс	6
8	ЖДД	6
III	Әскери-патриоттық тәрбие	42
1	ҚР Қарулы күштерінің мереке күндеріне арнап тақырыптық кештер және жарыстар өткізу	6

2	Әскери бөлімшелерге барып, әскери қызметкерлердің өмірі және тұрмысымен танысу	6
3	Жалпықалалық әскери-патриоттық сипаттағы шараларға қатысу	6
4	ҰОС және Ауған соғысы ардагерлерімен, Еңбек ардагерлерімен, қаланың танымал адамдарымен кездесулер өткізу	6
5	Саптық және өлең байқауын өткізу	6
6	Шығармашылық, мәдени – бұқаралық дайындық	6
7	Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің даму тарихы	6
	Барлығы	136

Патриотизм - қызметтің басым бағыты

Патриотизм – жасампаздықтың қуат күші. Әр күні мемлекет рәміздеріне, Қазақстанға деген құрмет пен сүйіспеншілік танытылады. Патриотизм күн сайын қалыптасады. Адам санасында отан келбеті, оған деген жеке тұлғалық қатынасы, оның мүддесіне, онда тұратын адамдарға, еліне деген жауапкершілік қасиеті тәрбиеленеді.

«Сұңқар» ӘПК-нің тәрбие жұмысының негізіне патриоттық тақырыптағы іс-шаралар кешені жатады.

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарламаны жүзеге асырудағы күтілетін нәтижелер:
қосымша білім беру педагогтарымен жұмыс сапасы жетілдіріледі;
жаңа білім беру бағдарламалары әзірленеді және тәжірибеден өткізіледі;

клуб мүшелері күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін меңгереді, салауатты өмір салтының принциптерін, өзін-өзі сақтау және құтқару, экстремалды және төтенше жағдайлардағы іс-әрекеттерге дайын болады;

дене шынықтыру жаттығуларын күнделікті орындауға балалар мен жасөспірімдерде қажеттілік туындайды. Өздерін жеке тұлға ретінде қалыптастыру арқылы спорттың маңызын түсініп, оған саналы көзқарасты тәрбиелейді;

өлкетану, медицина, спорт, алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру бойынша негізгі білім жүйесінде тыс қалған білімді, шеберлік пен дағдыларды толықтырады.

№71 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ

Әскери прокурорлар кадет сыныбының жарғысы



әскери прокуратура кадеті

Астана, 2013 ж.

Әскери прокурорлар кадет сыныбының жарғысы

1. Жалпы ережелер

1.1 Астана қаласының № 71 мектеп-лицейі жанындағы әскери-патриоттық бағытта жұмыс жүргізетін Әскери прокурорлар кадет сыныбы (бұдан әрі – Кадет сыныбы) балаларға қосымша білім беру бірлестігі болып табылады.

